

83.3(5Қаз)7
С17

САҚ ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ



Тараз-2016

б.у.ғ.

83.3(5Қаз)я7

С17

САҚ ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

(ХРЕСТОМАТИЯЛЫҚ ОҚУ ҚҰРАЛЫ)

ТАРАЗ ҚАЛАСЫ
ОККЖ

ИНВ.№ 49897



ТАРАЗ-2016

83.3(5Қаз)я7

ӘОЖ45.065(048)

ББК54.320.15

С17

Шікір жазғандар:

Қ. Бөлеев, педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

Т. Мұқашев, филология ғылымдарының кандидаты.

Р. Елубаева, педагогика ғылымдарының кандидаты.

Құрастырып, алғы сөзін жазған: Әбілов Меңдібай Әбілұлы, "Сақ дәуіріндегі қазақ әдебиеті", (хрестоматиялық оқу құралы), Тараз, 2016-жыл, 37 бет.

ISBN 978-9965-37338-1

Профессор М. Әбілұлының жоғарғы оқу орындары мен колледж білімгерлеріне, мектеп оқушыларына арналған "Сақ дәуіріндегі қазақ әдебиеті" атты хрестоматиялық оқу құралы қазақ әдебиеті тарихына қосылған қомақты үлес болды.

Профессор М. Әбілұлы қазақтың жазба әдебиетін ежелгі сақ дәуірінен - Есік жазбасы- күміс тостағандағы жазудан бастайды. Мұның қазақ әдебиеттану ғылымындағы тосын құбылыс екенін, бұл кітаптың қазақ әдебиеті тарихының олқы тұстарын толықтырып тұрғанын да айта кетуге тиіспіз.

Хрестоматиялық оқу құралы екі тараудан тұрады: бірінші тарау: "Сақ дәуіріндегі қазақ ауыз әдебиеті"; Екінші тарау: "Сақ дәуіріндегі қазақтың жазба әдебиеті".

ISBN 978-9965-37338-1

ӘОЖ45.065(048)

ББК54.320.15

© М. Әбілұлы, 2016.

Бұл кітабымды қазақ әдебиеттану ғылымында өресі биік тұрған, қазақ әдебиеті сынының тарихына елеулі үлес қосқан әйгілі ғалым, пірім Тұрсынбек Кәкішұлына тарту етемін.

(М. Әбілұлы).

Қазақтың жазба әдебиеті Есіктен табылған күміс тостағандағы көне жазудан басталады: *"Аға саған (бұл) ошақ! Ботен (жат ел адамы), тізеңді бүк! Халықта азық-түлік (мол болғай)".*

(М. Әбілұлы).

КІРІСПЕ

"...Сақ - қазақтардың (хассактардың) ата-бабалары болып табылады..."

(Ә.Толеубаев, Ж. Қасымбаев, М. Қойгелдиев, Е.Қалиева, Т.

Далаева, "Қазақстан тарихы", 2014-жыл).

Қазақтың көне жазба әдебиеті Есіктен табылған күміс тостағандағы жазудан басталады: **"Аға саған (бұл) ошақ! Бөтен (жат ел адамы), тізеңді бүк! Халықта азық-түлік (мол болғай)"**. Ұлы Дала Елінен табылған күміс тостағандағы жазу біздің бабаларымыздан жеткен әдеби мұра. Ерекшелігі- бұл әдеби жәдігерлік қазақ әдебиеттану ғылымына тосын жаңалық әкеліп отыр. Олай дейтін себебіміз - Есіктен табылған жазба қазақ жазба әдебиетінің бастау көзі.

Есік жазбасы үш сөйлемнен тұрады. Сананы ізгілікке, терең ойға, ұлтжандылыққа тартатын үш сөйлем үш әңгімеге татиды. **"Аға саған (бұл) ошақ!"**. Төрт сөзден тұратын бұл сөйлем терең оймен жазылған. Оқыған саналы адамды өмірдің терең тұңғық қатпарларына жетелейді. Ошақ-отбасы, ошақ-шағын мемлекеттің қазығы, ошақ - бүкіл салт-дәстүр, тәрбие арнасы... Мұнан біз ошақ басындағы - отбасылық әдебиетті сеземіз. Бұл төрт сөз түгін түтететін, ас пісіретін ошақтың аса киелі екенін аңғартады. Қазақта: "Түтінің түзу ұшсын" деген аталы сөз бар. Немесе: "Баяғы Ыбырай атамыздан жеті бала бар, жетеуі жеті ошақтың түтінін түтетіп отыр..."-деген сөз тіркестері кездеседі. Сонан соң ошақ - отбасының алтын қазығы. Ошақ - отбасы мүшелерінің сиынар тірегі. Сақ бабаларымыз ошақты қадірлей отырып, онан шыққан отқа табынған. "Арман- мақсаттарымыз осы ошақтан аспанға ұшып шыққан от пен түгін арқылы Тәңіріге жетсін..."-деген тілек айтқан. Ошақ- кішкене мемлекеттің тірегі. Сол мемлекетті сыртқы дұшпандардан қорғау парызымыз. Ошақ бүгін болуы шарт. Төзімділік те, адалдық та, еңбеккерлік те, қажырлылық та, ұлтжандылық та, отаншылдық та, бауырмалдық та ошақ басынан басталады.

"Бөтен (жат ел адамы), тізеңді бүк!" Бұл сөйлем жас ұрпақтарды патриоттық рухқа тәрбиелеудің терең арнасы. Ошақ-шағын мемлекет болса, тірегі-жер. Бұл сөйлемде жерді, атамекенді жатжұрттықтардан қорғау идеясы жатыр. Бұл да әдеби мұра. Сөйлемнің мағынасы өте кең: жатжұрттықтар деп сыртқы жауларды айтып отыр. Жерімді аламын, елімді жаулаймын деп келген жат ел адамы арам ойын іске асыра алмай тізе бүгуі қажет. Хассак даласы ұлан-байтақ, бірақ ұлтарактай жер де жауға берілмейді. Сақ жауынгерлерінің сол ұлтарактай жер үшін бір қасық қаны қалғанша жауларымен шайқасқаны әлемге әйгілі: ұлан-байтақ сақ жерін жаулап аламын деп келген пиғылы бұзық парсы патшасы Даридың басы осы сақ даласында кесілді, Александр Македонскийдің

(Ескендір Зұлқарнайын) тізесіне найза осы сақ даласында қадалды. Бұл сөйлем әрбір сақ ұланын ерлікке, өрлікке тәрбиелеген. Өскелең ұрпақтарды ұлтжандылыққа баулыған.

"Халықта азық-түлік (мол болғай)". Бұл сөйлемде мемлекеттің экономикасын көтеру, елді азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету, елдің табиғи ресурстарына көңіл бөлу, жерден өнімді пайдалану т.б. идеясы жатыр.

Мемлекеттің қорғаныс қуатын арттыру үшін халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету қажет. Молшылық елдің экономикасын көтеріп, қорғаныс қуатын арттырады. Молшылық елдегі демографиялық жағдайға да оң әсер етпек. Бабаларымыз елдегі бірлік пен ынтымақтықты сақтауға, елде азық-түлік молшылығын жасауға, халықтың демографиялық аухалын жақсылауға күлшынған.

Бұл сөйлем Күлтегін мен Білге қағанға арналған көне түркі жазба ескерткіштерінің авторы Иоллықтегіннің Күлтегін ескерткішіндегі Кіші жазуындағы: *"Қаған болып, жарлы халықты бай қылдым, аз халықты көп қылдым"* деген жазуымен үндеседі.

Үш әңгімеге татитын бір-бірімен тығыз байланыса өрбіген үш сөйлемде осындай игі мақсаттар жатыр.

Хрестоматиялық оқу құралы екі тараудан тұрады. Бірінші тарау: "Сақ дәуіріндегі ауыз әдебиеті". Екінші тарау: "Сақ дәуіріндегі қазақтың жазба әдебиеті". Әдеттегідей сақ дәуіріндегі жазба әдебиетті Есік жазбасынан бастағанды жөн көрдік. Есік жазбасы қазақ жазба әдебиетінің бастау көзі болғаны рас. Осы дәуірде сақтарда жазу альфавиті болған. Жазу тасқа қашалып, темірге ойып жазылған.

"Сақ дәуіріндегі ауыз әдебиеті" деп аталатын бірінші тарауға "Алтын", "Бірлік бар жерде береке бар", "Анар мен Мұнар", "Шырақ батырдың түсі", "Заринаның кырық қызы", "Сақ қызы Күнсұлудың хикаясы", "Қобыз үні", "Күн батыр мен Ай сұлу" т.б. атты балаларға арналған ауыз әдебиеті үлгілері де енгізілді.

Сонымен, "Сақ дәуіріндегі қазақ әдебиеті" атты хрестоматиялық оқу құралы қолымызға тиді. Бұл қазақ әдебиеттану ғылымындағы айтулы жаңалық екенін атап айтуға тиіспіз. Ең бастысы-қазақ әдебиеті тарихының кезеңдерін дұрыс жүйелеуге жол ашылды.

ЕЖЕЛГІ ХАССАҚТАР (ҚАЗАҚТАР)

«Ежелгі Қазақстан тарихы» атты оқулықта сақтардың мекендеген жерлері мен сақ қоғамы туралы тарихшылар Т.С.Садықов, Ә.Т. Төлеубаев, Ғ. Халидуллин және Б. Сәрсекеев былай деп жазады: «Темір дәуірінде алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырауы, ру – тайпалардың ішкі – сыртқы қарым – қатынастары Қазақстан жерінде алғашқы тайпалық одақтардың құрылуына әкелді. Қазақстан аумағын б.з.б. 8 – 3 ғасырларда мекендеген сақтар сондай тайпалық одақтардың бірі болды.

...Зерттеушілерге сақтар туралы мәліметтер беретін ежелгі мәтіндердің екі тобы белгілі. Олар: парсы патшаларының тастағы сына жазбалары және грек – рим авторларының шығармалары. Парсы патшалары Дарий мен Ксеркстің бұйрығымен жазылған мәтіндерде Қазақстандағы тайпалардың аты аталады. Грек және лагын тіліндегі деректердің арасынан Геродот пен Страбонды айтуға болады. Осындай деректерге қарағанда Грекияда, Рим империясында, Персияда, Египетте, Үндістанда көшпелілерді жақсы білген.

Сақтар – б.з.б. I мыңжылдықта Орта Азия мен Қазақстан жерін мекен еткен ежелгі тайпа. Олар ежелгі дүние өркениеттерімен қарым – қатынас жасаған. Жалпы, сақ тайпалары атауының мағынасы жайында көп пікір бар. «Сақ» сөзінің мағынасын парсы жазбаларында *құдіретті еркектер* деп түсіндіреді, ал иран жазбаларында *жүйрік атты турлар* дейді. Ежелгі грек авторлары сақтарды «азиялық скифтер» деп атады.

Ежелгі грек тарихшысы Геродот өз жазбаларында сақтарды *массагет* деп атаған. Грек деректерінде көшпелі тайпалардың тағы да бір атауы – *дай (дайлар)* кездеседі. Грек тарихшыларының айтуына қарағанда, сақтар «дұшпанға – қатал, досқа – адал» болған. Олар батыр жауынгерлерді ардақтап, құрмет тұтқан. Сақ деп аталатын тайпалардың әрқайсысының өз алдына көсемі болған. Грек авторы Ктесий: «сақ әйелдері ержүрек келеді, соғыс қауіпі төнгенде ерлеріне көмек көрсетіп, ұрысқа араласады» деп баяндайды...» /Т.С.Садықов, Ә.Т.Төлеубаев, Ғ. Халидуллин, Б.Сәрсекеев, «Ежелгі Қазақстан тарихы», Алматы, «Атамұра» баспасы, 2011 –жыл, 59 – 60 – беттер/.

Грек хәм әлемнің атақты ойшыл – данышпандары Геродот, Платон, Страбон, Полиэн, Диоген, Лукиан, К. Мойсева, В.В.Струве, Диодор, Помпей Трог, Б.Н.Граков, М.М.Кобылина, Бань – Гу, қытай тарихшысы Су Бей-хай, т.б.ежелгі сақтардан шыққан атақты адамдар туралы көптеген еңбектер жазып кеткен. Белгілі ғалымдар Ә. Марғұлан, Н. Келімбетов, М. Жолдасбайұлы, А. Сейдімбек, Нығмет Мынжани, Самат Өтениязов, Марат Барманқұлов, Ғ.Есім, Т.Жұртбай, А.Қыраубайқызы, Т. Омарбеков, Аманқос Мектеп - тегі, академик Серғазы Қалиұлы, тәлімгер-ғалым Кәкімбек Аюбай, петерборлық ғалым С. Кляшторный, белгілі қазақ ғалымдары Т. Сұлтанов, Ислам Қабышұлы, Қ.

Салғараұлы, Т. Омарбеков, Ж. Дәдебаев, Т. Әсемқұлов, Т. Төлебаев, С. Жолдасбайұлы, Ф. Меңілбаев, Е. Ноянов, А. Жұмаділ, А. Ермұхамедова, Ф. Омаров, Б. Тоекина, М. Өмірбекова, А. Еркебай белгілі ақын һәм жорналшы Ж. Көкбөрі ақын Ш. Оразымбекұлы т.б. қазақ халқының арғы ата – бабалары туралы қалам тербеп, Тарғытай, Ер Ишпақай, Анарыс (*Анахарсис*), Тұмар (*Томирис*) патшайым, Шырақ батыр, Зарина ханым, Түмен қаған, Алып Мөде, Еділ (*Аттила*) патша жайлы ғылыми еңбектер жазғаны белгілі.

Жұмаш Көкбөрі қазақтар туралы:

Баба жолы арайлы,

Нұр шуағы тарайды.

Ал Ғұндардан – Түріктер,

Одан – Қазақ тарайды...» - деп жырлады / Ж. Көкбөрі,

«Мәдениет» журналы, №5, 2012 – жыл, 14 – бет/.

Профессор Т. Омарбеков ежелгі сақтардың тарихы туралы, сақтардың үйсіндермен, қаңлылармен байланысы туралы былай деп жазады: «Сқтардың тарихы – нақты деректерде аз қамтылған және жеткілікті зерттелмеген аса күрделі мәселе. Б.з.б.VII – III ғасырлардағы тарихына қатысты мәліметтерде, жалпы алғанда, археологиялық деректерге сүйенеміз. Ал б.з.б. III және б.з. III ғасырларындағы сақтардың тарихы, негізінен, үйсіндермен, қаңлылармен, ұлы нүкістермен, нөнелермен нақты байланыста қарастырылады. Соңғы кезеңді зерттеуде Қытай деректерінің аса маңызды екені анық. Қазақ тіліне Қытайдағы бауырларымыз аударған «Жоунаманың» түркі баянынан мынадай жолдарды оқимыз: «Былай деп те айтады: «Түркілер арғы аталары ғұндардың солтүстігіндегі Сақ елінен шықты. Олардың ұлыс абасы Адам бек деп аталды. Олар он жеті ағайынды еді. Оның бірі Іді Нышида еді, ол қасқырдан туды...». Бұл деректен аңғаратынымыз: ежелгі түркі тайпаларының арғы аталарының сақтармен тікелей байланыстылығы. Түркілер әулетінің қасқырдан таралуы туралы дәстүрлі аңыз сақтардың тарихына алып барады. Жалпы, сақтар туралы Қытайда шыққан тарихи әдебиеттерде мынадай көзқарас бар: «Сақ (*көнеше оқылуы: сак немесе сег*) – Орталық Азияда жасаған ежелгі этнос, рим жазбаларында «сага» (*сақа, сага*) немесе «азиялық скифтер» делінсе, парсылар «сака» (*сага*), үнділер «шек» деп атаған. Бұл кезде сеймак (*саймақ, семак*) түрінде таңбаланған.

Иранның сына жазу мәтіндеріне сәйкес, сақтар үш топқа бөлінген. Олар – хаомоварга, (*яғни, хаомо шарабын ішетіндер*), тиграхауда сақтар(шошақ бөрікті сақтар), парадария сақтар (*теңіздің ар жағындағы сақтар*). Сақтар өз заманында Орталық Азияның ішінде Іле алабын, Памир үстіртін, Арал теңізінің төңірегін, Сырдария, Жетісу алқаптарын мекендеген. Олар егіншілікпен де, мал шаруашылығымен де шұғылданған. Сақ одақтарына яксарт, массагет, исседон,

дәй, асқатақ, аримаспи сияқты көптеген тайпалар біріккен. Қытай жылнамаларының баяндауынша, нүкістер мен үйсіндер батысқа ауудан ілгері Іле алқабы сақтардың атамекені екен. Сақ тайпаларының бірсыпырасы б.з.б. II ғасырда қазіргі Иран, Ауғанстан, Үндістан жерлеріне және Кашмир өңіріне ығысып, жергілікті тайпалармен араласып кеткен. Ал көшпей қалған аз бөлігі нүкістерге, кейін үйсіндерге қосылып, соларға сіңген. «Ханнамада» «Үйсіндер ішінде сақтардың да, ұлы нүкістердің де нәсілі бар еді» деп жазылуы осыны аңғартады. Бұдан тыс, Памир үстіртіндегі кейбір елдердің тұрғындары да сақ қауымы деуге негіз бар. Хән, Чин патшалықтары кезінде сақ тайпаларының бір бөлігі Тарым ойпатының оңтүстік – батысына қоныс аударған. Дүнхуаннан (*Дахатадан*) табылған ұдүн (*хотан*) тіліндегі мәтіндерде сақ тілінің құрамдары көп кездеседі. Мұны тіл ғалымдары «ұдүн сақтарының тілі» деп атайды.

Академик Серғазы Қалиұлы мен көне мұраларды зерттеуші тәлімгер-ғалым Кәкімбек Аюбай "Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы" деп аталатын кітапта ежелгі хассақтар (қазақтар) туралы былай деп жазады: "Ұлы тарихшы Геродот өзінің "Тарих" атты (1972) кітабында жазғандай гректер-скифтер дейтін көшпелілерді парсылар *сақтар* деп атағанын, сақ тайпаларының түр келбеті, киімдері, шаруашылық кәсібі, ішетін тамағы, әдет-ғұрпы қазақтарды суреттегендей әсер қалдырады. Жылқы бағып, бие сауып, сүтінен қымыз ашытатын, шошақ бөрік киетін, байрағына бөрі басының суретін салған шығыс сақтарын басқа батыстық сақтардан ажырату үшін парсылар *хас сақтар*, яғни *нағыз сақтар* деп атаған дейді..." /"Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы", *онтомдық, 3-том: көне жазба мұралар тағылымы (б.з.б. I-мыңжылдық-XV ғасырдың соңы), 5-бет, құрастырғандар: Қалиев С, Қ., Аюбай К.Қ.-Алматы, 2007./*

Қазақ тіліне аударылған «Ханнамада» батыс өңірдегі сақтардың тұрағы былайша көрсетілген: «Шығыс Ғұнмен, солтүстік – батысы Қанды, батысы Дуан – уан, оңтүстігі қала – мемлекеттермен іргелес. Бұл тегінде сақтардың атақонысы еді, кейін ұлы нүкістер сақтарды талқандап, олардың ханын қуып жібереді. Сақтардың ханы оңтүстікке кетіп, Болор тауларынан әрі асып кеткен соң, бұл жерге ұлы нүкістер орын теуіп алды. Кейін кезек айналып, Үйсіннің Күнбиі ұлы нүкістерді талқандады. Ұлы нүкістер Бактрия еліне қарай жосып, Бактрия ханын бажағына айналдырды. Сонымен Үйсін Күнбиі ол жерлерді қайта басып қалды. Үйсіндердің арасында сақтар мен ұлы нүкістердің нәсілі болатындығының себебі, міне, осы...» /Т. Омарбеков, «Сақтардың тарихы үйсіндермен, қаңлылармен, ұлы нүкістермен, нәселермен нақты байланыста қарастырылады», республикалық «Аңыз адам» журналы, сұқбатты жүргізген Анар Әлдибекова, №20, 2013 – жыл, 11 – бет./

"Ханнамада" аталған Ғүн (Арғүн),Қаңлы, Үйсін тайпалары қазақтың белгілі рулары екені белгілі.

Ежелгі Арал – Каспий даласының көшпелі тайпалары туралы «Қазақстан тарихы» деп аталатын бес томдық кітапта былай деп жазады: « Б.з. б. I мыңжылдықтың орта шенінде Арал – Каспий теңіздері аралығында мекендеген тұрғындар жайлы алғашқы мағлұматтар б.з.б. V ғасырдағы жазбаша құжаттарда – Геродоттың «Тоғыз кітаптан тұратын тарихында» және парсы патшасы Ксеркстің Персепольдегі «антидэвтік» жазбаларында келтірілген. Осы тым шағын хабарларға қарағанда, дах (*дай, даз*), сақ, массагет және скиф тайпалары көп санды болып, көшпелі өмір сүрген, жаугершілігімен және бостандық сүйгіштігімен көзге түскен...» /«Қазақстан тарихы», бес томдық, Алматы, «Атамұра» баспасы, 2010. – 207 – бет/.

Белгілі ғалым Н. Келімбетов сақтардың қаһармандық дастандарын тәңірлік дәуір әдебиетіне кіргізеді. Ғалым ежелгі түркілердің арғы ата – тегі сақтар туралы былай деп жазады: «Ежелгі түркілердің арғы ата – тегі саналатын сақтар – қазіргі Қазақстан, Орта Азия мен Шығыс Түркістан жерін біздің заманымыздан бұрынғы (қысқаша – б.з.б.) бірінші мыңжылдықта мекен еткен ежелгі тайпалар. Көне грек тарихшылары сақтарды «скифтер» немесе «азиялық скифтер» деп те атағаны мәлім. Ал парсылар сақтарды кезінде «сақ», «сақа», «сага» деген. Осыған орай, сақтар елін «Сахстан» деп те жазатын болған.

Белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы Қаржаубай Сартқожаұлы сақтар туралы былай деп жазады: «Байырғы Көк Түріктердің арғы ата – бабалары «сақ» деп аталған. Сақтарды еуропалықтар «скиф» деген.

Сақтар әлем тарихының сахнасына жыл санаудан бұрынғы VIII ғасырда шыққан. Одан бұрын аты бізге белгісіз тайпалық одақтар, жүздеген жекелеген тайпалар болған.

Бабаларымыз Сақ дәуірінен бастап мыңдаған мәдени – рухани мұралар қалдырған. Олар: шағын тұрақтар, кенттер, қалалар, ескерткіш ұстындар (бұғытастар, мүсіндер). Сақтар әлем өркениетінде жануарлар стиліндегі бейнелеу өнерін енгізді. Біздің ою - өрнектеріміз бұдан 2000 – 3000 жыл бұрынғы жануарлар стиліндегі бейнелеу өнеріміздің жетілген түрі. Сақтар өздерінің дүниетанымын, ой – арманын тас бетіне қашап, сызып қалдырған...» /Қ. Сартқожаұлы, «Бабалар қалдырған өсиет», республикалық «Ұлан» газеті, №50, 2013 – жыл/.

Белгілі жазушы Ш. Мұртаза «Бір кем дүние» атты кітабында: «Бала кезімде естігенім есімде. Біздің Мыңбұлаққа Күркіреу су бойындағы қырғыздарға бара қалсақ:

- Иә, хассак бала, - деп қарсы алар еді.

Кейін – кейін, жол түсіп, Монғолияға барғанымызда:

Хассактар келді! – деп құшақтасты.

Ал біздің тарихшылар, оқымыстылар әлі күнге дейін «қазақ» деген сөздің төркінін дөп басып айта алмай, әр саққа жүгіртеді.

Ау, сонда бізді бір заманда «сақтар», «сақ» дегені рас қой. Ал енді «хас» деген мағынасы «нағыз», «анық», «шын» дегенге саяды. «Сақ» сөзімен біріксе – хас + сақ!

Мына бізбен ежелден аралас – құралас қырғыздар, монғолдағы дүрбіт, ұрынқай, халха, ойрат, бұйрат, маңғыттар бізді «хассак» десе, солар өтірік айтпайтын шығар...» - деп жазады /Ш. Мұртаза, «Бір кем дүние», Алматы, «Жазушы» баспасы, 2008 – жыл, 163 – бет/.

Өткен ғасырдың ақырында Өзбекстанның, Қарақалпақстанның, Түркіменстанның қазақтар көп шоғырланған аудандары мен ауылдарында қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинадым. Сонда айтушы (информатор) қариялар әңгімесін: «**Әлімсақтан** келе жатқан мынадай сөз бар...» - деп бастайтын. Сол кезде **әлімсақтан** деген сөздің мағынасына жете назар аудармаппын. Айтушы қариялар сөйтіп айтатын ертегілер мен аңыздарын, шежіре – жырларын бастағанда айтатын «әлімсақтан» дегені: «...Сонау сақ дәуірінен келе жатқан әңгіме былай басталады...» - дегені екен. Белгілі ақын Ш. Оразымбекұлы сақтардың қаһармандық дастаны «Шырақ»та:

«...Жетесіз мөңгүрттіктен Төңір сақта,

Өткенді зерделейік әр ұрпаққа.

Тарихтың тереніне сүңгітім де,

Көңілім шарлап кетті **Әлім – Саққа!**...» - деп жырлайды

/Ш. Оразымбекұлы, «Шырақ», /сақтардың қаһармандық дастаны/, республикалық «Қазақ әдебиеті» газеті, 2013 – жыл/.

Адамзат тарихында алғаш жазылған қадым заман кітаптарының бірі «Авестада» сақтар мен олардың мекенін «Тұр» деп атаған. Фирдоусидың әлемге әйгілі эпопеясы «Шахнамада» сақтар елін «Туран» деп көрсетеді. Ал қытайлықтар отанын «Туки» дейтін болған.

→ Көшпелі сақтар Евксин (*Қара теңіз*) мен Азов теңізі аралығында жатқан ұлан – ғайыр өлкені де бұдан үш мың жылдай бұрын мекен еткен екен. Бұл туралы көне грек тарихшысы Геродот жазып қалдырған мол деректер бар.

Біздің заманымыздан бұрынғы IX – III ғасырлар аралығында сақтардың этникалық құрамын қалыптастырған көптеген тайпалар болғаны көне тарихтан жақсы мәлім. Олар: кемерлер, массагеттер, асылар, дахтар, т.б тайпалар.

«Қазақстан. Ұлттық энциклопедия» ның 7 – томында сақтар туралы былай деп жазады: «Сақтар – ерте темір дәуірінде Қазақстан, Таулы Алтай, Орта Азия, Солтүстік Үндістан, Ауғанстан өлкелерін мекендеген тайпаларға

байланысты көне дәуірден жеткен жазба деректер арқылы танымал жалпылама атау. Сақ бірлестіктері туралы мәліметтер кездесетін негізгі жазба деректер екі топтан тұрады: 1) Антика дәуірінің авторлары (*гректер*) – Геродот (б.з.б. V ғасыр), Ксенофонт (б.з.б. VI – V ғасырлар), Птоломей (б.з.б. II ғасыр)тағы басқа жазба деректері; 2) Ахемен әулетінен (*көне парсы*) қалған сына жазулар (Бехистун сына жазуы т.б.). Ішінара Қытай деректерінде де «се» тайпалары аталады. Жазба деректерде кездесетін «сақтар» және олардың түрлі тайпаларының атауларына байланысты мәліметтер қысқа, үстірт айтылғандығымен ерекшеленеді, толық, неғұрлым көлемді сипаттамалар жоқ. Парсы жазбалары тұрақты түрде «сақ» атауын қолданса, грек деректері бұл тайпаларды «Азия скифтері» деп атайды. Сақтар Қара теңіз бен Днепр бойындағы «скифтердің», Төменгі Еділдегі «савроматтардың», Кир мен Дарий I уақытындағы парсылардың, Геродот, Александр Македонский уақытындағы гректердің замандастары болған. Олар көне парсылармен тығыз байланыс жасап, б.з.б. VI – V ғасырларда парсылардың Ахемен әулеті билеген мемлекеті құрамына кірген. Ғылымда сақтардың үш үлкен тобы туралы мәліметтер (*көне парсы деректері бойынша*) кеңінен қолданылады. Бұлар: хаумаварга сақтары (*яғни, хаома қасиетті ішімдігін пайдаланатын сақтар*), тиграхауда сақтары (*шошақ бөрікті сақтар*), тий – парадрайа сақтары (*теңіздің арғы жағындағы сақтар*). Мұның алдыңғы екеуін Геродот амюргилер және ортокарибантилер деп атаған. Көптеген ғалымдар Жетісуды, Қазақстанның оңтүстік өлкелерін, Солтүстік Қырғызстан мен Шаш (*Ташкент*) өңірін тиграхауда сақтары мекендеген, сондай – ақ олардың қатарына Алтай тайпалары да кірген деп есептейді. Көне грек деректеріне сүйене отырып, басқа да сақ тайпаларының мекендеген орындары жайлы болжамдар жасалуда. Мысалы, аргиппей, исседон сақтары Қазақстанның солтүстік – батысы, солтүстік және орталығындағы өлкелерді, ал аримаспы сақтары шығыстағы өлкелерді мекендеген деп пайымдалады» /Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 7 – том/.

* * *

Сақтардың Еуропаға қоныс аударған алғашқы легін тарихта «кемерлер» немесе «кемерліктер» деп атап кеткен. Өйткені олар біздің заманымыздан бұрынғы II – I ғасырларда - ақ Қара теңіз жағалауын, яғни теңіз «кемерін» өздеріне мекен еткен. Еуропаға алғаш көшіп барған сақтардың осы тобы Қара теңіз бен Азов теңізі аралығында көшіп – қонып жүріп, мал бағумен айналысқан көшпенділер болған.

Геродоттың жазуы бойынша, Арал теңізі мен Каспий теңізі жағалауын мекендеген сақ тайпаларын «*массагеттер*» деп атаған. Массагеттер соғыс өнерін жетік меңгерген ежелгі тайпалардың бірі саналады. Олардың жеткілікті

дәрежеде атты және жаяу әскері болған. Массажеттер қару – жарақтары мен өшекей бұйымдарын мыс пен алтыннан жасайтын болған...» /Н. Келімбетов, «Ежелгі дәуір әдебиеті», Алматы, «Атамұра» баспасы, 2005 – жыл, 19 – 20 – беттер/.

Сақтардың қазіргі қазақ жерінде дәуірлеп тұрғанын дәлелдейтін дәлелдер жеткілікті. Олар қазақ жеріндегі археологиялық қазбалардан табылып жатқан алтын киімді адамдардың мүрделері. 1969 – жылы Есік қаласынан табылған сауыт – саймандарымен бірге жерленген алтын адамның табылуы бүкіл әлемде болып көрмеген жаңалық болды. Бұл сөз жоқ қазақ археологиялық қазба жұмыстарының табысы еді.

Соңғы кезендерде осындай археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде қазақ жерінен, атап айтқанда Қарқаралы маңы мен Шығыс Қазақстаннан алтын адамның сауытының сынықтары табылған – ды. Ал жақында Тараз қаласы маңындағы Жеті төбе деп аталатын қорымнан алтыннан құйылған сауыттың сынықтары табылды.

Журналист Ақниет Оспанбайдың жазуына қарағанда Жеті төбе қорымынан археологтар 40 тан астам алтын сынықтарын тапқан. Бір таңқаларлығы осы алтын сынықтарының ішінде төрт басты қыран құстың мүсіні де бар. Жеті төбедегі табылған алтын сынықтары туралы А. Оспанбайұлы: «...археологтардың пайымдауына, тұрпаты Есіктен табылған Алтын адамға өте ұқсас...» - деп жазады.

А. Оспанбайдың «Түркістан» газетіндегі «Тараздан табылған Алтын адам» атты мақаласында «Археологиялық сараптама» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Дмитрий Воякиннің сөзінен үзінді берген. Д. Воякин былай дейді: «...Ескі қорған облыс орталығынан алыс емес. Өткен жылы екі қорғанды аршыдық. Ол патша қорғаны болып шықты. Сонда жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары үлкен нәтиже беріп отыр. Қазылып алынған құнды жәдігерлер – патшаның алтыннан құйылған сауытының бөліктері. Есік қорғанынан табылған Алтын адаммен дәлме дәл келеді. Табылған дүниелердің басын біріктіргенде, бәлкім екінші Алтын адам болып шығуы да мүмкін...».

Қазақ даласындағы қорымдарды танып – білу оңай. Айдалада бір жалпақ төбешік. Кейде қатар жататын төбешіктер бар. Ерте дәуір мәдениетінде халық арасында би, басшы болған адамды биік жотаға жерлеп, бейітін айдарлап, үлкен қылып қазу міндет болған көрінеді. Соңғы елу жылда елімізде бірнеше алтын адам табылды. 1969 жылы КСРО мен әлемді шулатқан алтыннан құйылған сауыт – сайманды адам Есік маңайынан қазылып алынды. Археологтар таптырмас олжаға қол жеткізді. Дүниежүзінде бас – аяғы толық алтыннан құйылған жәдігер ешқашан табылған емес. Бұл бай мәдениеттің

мұрасы. Ұлы өркениеттің куәсі. Археологтардың айтуынша, Есік маңы табиғаты сұлу, жайлы орын болған. Тау баурайы, таудан сарқырап аққан өзен, жасыл жайлау мен етектегі кең дүние қолбасшыны жерлеу үшін таптырмас орын... Кейбір деректерде ол Тұмар патшайымның ұлы деген жорамалдар айтылады...

...Бұдан бұрын табылған «Алтын адамның» бұйымдарын даусыз сақтардың «Андабы мәнеріне» жатқызған археолог, тарих ғылымының кандидаты, аталмыш экспедицияны ұйымдастырушы Арман Бейсенов осы бағытта он жыл бойы ізденген екен. Әрине алтын адамның толық сауыпты табылған жоқ, сондықтан ауыз толтырып «алтын адам» дей қою қиын. Бірақ Есік маңынан табылған алтын адаммен айқын ұқсастық бар. Бұл қорғандар Кент тауының бөктерінен табылды. Ендеше елге қадірлі, ел бастаған көсемдерін халық ерекшелеп, тау биігіне әспеттеп жерлесе керек. Осыған қарап тағы да табылған алтын бұйымдардың тегін адам еместігіне көз жеткіземіз.

Ежелгі сақтар бейнелеу өнеріне ерекше ден қойған. Жазу өнері болмағандықтан тастар мен металдарға, ағаштарға ою-өрнек сызған. Осы сызылған ою-өрнектерден бертін келе таңба (*эпін*) пайда болды. Сөйтіп ежелгі сақтар жазу мәдениетін қалыптастырды.

Ою-өрнектердің жазба мәдениетіміздегі орыны бөлек. Хассақтар (*қазақтар*) тасқа кашалған оюмен өз ойын айтып, әлемге озық өнерімен танымал болған. Ою өнері тасқа, ағашқа, темірге, киізге өрнектелген. Ежелгі сақтардың осынау әлем халықтарын таңдандырған ою өнері туралы оюшы, қолөнер шебері Шөптібай Байділдин былай деп жазады: "Біздің жыл санауымыздан бұрынғы V-VIII ғасырлар аралығында Алтай өңірінен, Қара теңіз төскейіне дейінгі сайын даланы қоныстанған түркі халықтарының түп аталары- байырғы сақтар әлемдегі мәдени өмірде өнердің өшпес асыл мұраларын қалдырған.

Аталмыш өнер кезеңіне академик Әлкей Марғұлан "Андабы мәнер" деп ат берген. Есік обасынан, Шығыс Қазақстаннан қазылып алынған "Алтын адам" киімі осы андабы мәнерінде жасалған өрнек. Міне, қазақ халқының ою-өрнек өнері, осылайша, түркі жосығымен, ол жосық ежелгі сақтар өнері зергерлік әшекейлермен тікелей сабақтасып отырады.

Халқымыз молшылықты- дарияға, теңізге, бәйтерекке теңесе, батырды- арыстанға, қыран бүркітке теңеді. Сұлуды- ай мен күнге, хош иісті гүлге, құралайдың лағына, аққудың көркіне, бота мен тұрымтайдың көзіне, сұқсырдың мойнына, алмаға, қарақатқа теңеді. Әсемдікті аң-құстан, өсімдіктен, табиғаттан іздеді. Сол сұлулықты ою-өрнекке түсірді, дамытты. Оның нақты айғағын "Алтын адам" киімдеріндегі алтын ою-өрнек, әшекейден көруге

болады..." /Шәптібай Байділдин, "Оюмен ой айтқан елміз", республикалық "Айқын" газеті, №107, 21-шілде, 2016-жыл/.

Сондай – ақ Шығыс Қазақстан өңірінің Зайсан маңынан үшінші алтын адам табылды деп жар салды. Археологиялық қазба жұмыстары барысында он шақты қорған қазылып, соның біреуінен ғана құнды мұра кездесті. Тарих ғылымының докторы, профессор Әбдеш Тәшкенұлы зәулім ескерткіште жалғыз жерленген адамды ерте сақ заманына жатқызды. «Алтын адам»ның түр – тұлғасы мен киген киімін, сондай – ақ әшекей бұйымдарын жан – жақты зерделеген ғалымдар біздің дәуірімізге дейінгі VIII ғасырда өмір сүрген деп болжады. Бұл адам сақтардың патшасы деген байлам жасады. Жасы 37 де деп белгілепті антрополог ғалымдар. Үстіндегі әшекейлер сол маңда өңделген алтыннан құйылған. Ғалымдардың пайымдауынша, бұл адам бұрынғы табылған алтын адамдардан бірнеше ғасыр ерте ғұмыр кешкен көрінеді. «Үшінші «Алтын адам»ның маңдайында бес жұлдыз бар. Бұл – сақ – скифтерден табылған ерекше дүние. Яғни адамның құдіреттелігін көрсетеді. Осыдан келіп біз ол патша болған деген шешімге келдік», - дейді Әбдеш Төлеубаев...» /А. Оспанбай, «Тараздан табылған Алтын адам», «Түркістан» газеті, 28 – ақпан, 2013 –жыл/.

Журналист Алма Үмбеттегі б.д.д. VII – IV ғасырларда мекен еткен сақтардың зират – қабірі «Бесшатыр» қорғандары туралы былай деп жазады: «... «Алтын емел» ұлттық бағында таңғажайып құпия сырын жасырған жұмбақ мекендер де жеткілікті. Қашқария сапарында этнограф – ғалым Шокан Уәлихановтың дем алуға аялдаған тұма бұлағы. Табиғат өзі «өрген» «Ошақтас» текше тас сөрелері, 700 жылдық тал, «Ерен тоғай», «Ақсақал» нысандары... Біздің дәуірімізге дейінгі VII – IV ғасырларда осы өңірде мекен еткен сақтардың зират – қабірі - «Бесшатыр» қорғандары мемлекеттік ұлттық бақтың қақ ортасында жайғасқан. Қабір түрлі көлемді 30 қорған мен жүздеген тас бағаналардан тұрады. Биіктігі 17 метрдей болатын алып қорған есімі беймәлім сақ тайпасына арналып жасалған деген пікір бар. Оны айнала текті сақтар мен көсем нөкерлерінің сәл кішілеу қабірлері. Одан әрі ерлік көрсеткен әскерлерінің қорғандары қалқияды...» /Алма Үмбеттегі, «Алтын емелдің қазақшасы – «Алтын ер», «Ұлан» газеті, 3 – қыркүйек, 2013 – жыл/.

2013 – жылы Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданынан табылған «Үржар ханшайымы» ежелгі сақтардан қалған мұраларды толықтыра түсті. Республикалық «Егемен Қазақстан» газетіне жарияланған Берікхан Тайжігіттің «Тағы бір «Алтын адам» табылды! Ол «Үржар ханшайымы» аталып отыр» деген мақаласы көне заманды зерттеушілердің назарын аударды. Б. Тайжігіт Үржар ауданындағы Таскескен – Бақты тас жолының бойындағы Лайбұлақ және Жаңа тілек ауылдарының орта тұсынан табылған алтын адам туралы

былай деп жазады: «...Есік қорғанынан табылған алтын адамдікіндей басындағы сәукелесі мен үстіндегі киімі әжептәуір, сүйегі сол қалпы жақсы сақталған. Бәрі де алтын зерлі. Құлағындағы алтын сырғасына, басындағы алтын сәукелесіне, мүйіз тектес өрнектеріне қарап, Семей педагогикалық институтының профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты, осындағы қазба жұмысын жүргізген студенттердің жетекшісі Амантай Исин: « Мұны III – V ғасырлардағы қола дәуірге, тіпті ғұн – сарматтар заманына жатқызуға болады», - дейді.

Жарма қылып қазған бейіттің жан – жағын, төбесін, енін қалыңдығы 10 – 15 сантиметрдей жалпақ тастармен жауып, қоршапты. Мүрдесінің төбесі батысқа қарағанымен, басын солтүстікке бұрып жерлеген. Аяқ жағында қойдың сүйектері мен қыштан, ағаштан жасалған ыдыс – аяқтар, бас жағында алақандай домалақ жалпақ тас жатыр. Экспедиция жетекшісі Темір Смағұловтың жорамалы бойынша, бұл «құрбандық тасы» деп аталады. Яғни, мәйіт жерленген соң тастың үстіне май шам қойылуы мүмкін. Бұдан өзге солтүстік – шығыс жағындағы іргесіндегі бөлек зираттан тағы бір мәйіт шыққан. Оның басы, қолы кесіліп тасталған. Ғалымдардың пайымдауынша, бұл ханшайымның құлы, бәлкім, күні болуы мүмкін. Сақ заманының билеушісінің қызы болуы мүмкін деген бұл алтын адамды зерттеуші ғалымдар «Үржар ханшайымы» деп отыр. Амантай Исаұлы, қазақ ғылымы мен мәдениетіне үлкен жаңалық әкелетін бұл құнды жәдігер Тарбағатайдың күнгейінде де саяси орталықтың болғанын айғақтайды дейді. Шынында да, өткен жылы Үржар ауданынан жұмыс сапарымен келіп кеткен осы өңірдің тумасы, бүгінгі Мәдениет және ақпарат министрі Мұхтар Құл – Мұхаммед: «Бұл өңір шекаралық аймақ болғандықтан, зерттелмей жатыр. Алла қаласа, бізді алда үлкен олжалар күтіп тұр» - деген еді.

Сүйінші, қазақ елі! «Үржар ханшайымы» аталып отырған бұл олжа арғы бабаларымыздың сырлы өмірін әлемге әйгілейтін болады» /*Б. Тайжігіт, «Тағы бір «алтын адам» табылды! Ол «Үржар ханшайымы» аталып отыр», «Егемен Қазақстан», 31 – мамыр, 2013 – жыл.*

Ал, Арал – Каспий даласының көшпелі тайпаларының діни нанымдары мен ғұрыптары туралы «Қазақстан тарихында» былай деп жазады: «...Арал – Каспий өңірі дах – массагет тұрғындарының діни – идеологиялық түсініктері басты белгілері жағынан қола дәуіріне барып тірелетін және скиф – сармат – сақ тобының туыстас халықтарының көзқарастарынан көрінетін ежелгі үнді – иран негізі арқылы анықталды. Олардың негізінде политеизм – табиғат пен адамды Ғалам тәртіпке келтірілген шекте басқаратын басты – басты бірнеше күдай бар деген түсінік жатыр...» /*«Қазақстан тарихы», бес томдық, Алматы, «Атамұра» баспасы, 2010 – жыл, 210 – бет.*

Геродот пен Ксеркстің осы мағлұматтарына сүйеніп, пікір өрбітер болсақ - сақ тайпаларының ежелден қазіргі ұлан – байтақ Қазақстан жерінде өмір сүргеніне көзіміз жетеді. Біздің болжауымызша жоғарыдағы аттары аталған тайпалар бір – бірімен туысқан тайпалар. Кейбір ғалымдардың пікірінше сақ, массагет, скиф тайпалары тілдері мен ділдері, діндері бір туысқан тайпалар қатарына кіреді. Сақ, массагеттер, дахтар мен скифтер туралы грек – рим авторлары – Ксенофонттың, Курций Руфтың, Помпей Трогтың, Аррианның, Страбонның шығармаларында кездесетінін ғалым Ф. Я. Коське атап көрсетеді */Коське Ф.Я. «Племена Северной парфии в борьбе с македонским завоеванием. // Вестник древней истории. 1962, №1/.*

Ғалым Б. Тоекина А. Македонскийдің басқыншылық жорығының сақ жерінде сәтсіздікке ұшырағаны туралы ежелгі тарихшылардың деректеріне сүйене отырып былай деп жазады: «Шын мәнінде, А. Македонскийдің өміріне арнап ғұмырнама жазған Плутарх, Арриан, Курция Руф, Юстин мен Диодор сынды атақты эллиндік тарихшы жылнамашылар еңбектерінде А. Македонский жорықтарының ең бір айтулы кезеңі – сақтармен соғысы және сақтардың жаужүрек халық екендігі баса айтылған. Әсіресе, Арриан жылнамасында сақ қолбасшысы Спитамен басқарған сақ жауынгерлері ерлігі төптіштеп баяндалады. Тарихшы Александр Македонскийдің Сырдариядан жүзіп өтіп, сақтармен соғысуы кезінде сақ әскерінің соғыс тактикасының олардан асып түскендігін баяндай отырып: "Грек – македондықтар Спитамен басқарған скифтерді Маракана жанынан қуа жөнелгенде, Спитамен кері бұрылып шабуылға шықты. Македондықтар өзендегі кішкене аралға қарай қашты. Бұл жерде Спитамен атты әскері оларды қоршауға алды да, садақпен атып, түгел қырып салды...Александр Македонскийдің Сырдарияның арғы жағын мекендейтін скифтерді жаулап алмақ жорығы сәтсіздікке ұшырады, - деп жазды.

Мұның өзі сақтардың әлем халықтары ішіндегі асқан ержүрек халық екенін әлемге паш етті деуге болады...» */Б. Тоекина, «Алып Ер Тоңға» - сақтардың ерлік жырының символы іспеттес», сұқбатты жүргізген М. Серікқызы, республикалық «Аңыз адам» журналы, №20, 2013/.*

Белгілі әдебиетші Совет-Хан Ғаббасов өзінің ғылыми мақаласында «Евроцентризм методологиясының» шындыққа жанаспайтын тұстарын сынай келе былай деп ой қорытады: «Евроцентризм методологиясында - ең әуелі тарихының ақиқаты мен тағылымдық шындығы жоқ. Оның ең үлкен дәлелі ретінде адамзат тарихының бұрмалануын */фальсификациялануын/* айтуға болады. Мысал үшін:

-Шығысында-Қытайға, Батысында-Римге, түстігінде-Египет пен Үндіге теңдессіз әсерін тигізген Тұран елінің тарихы қайда?

-Немесе, бүкіл Қытай қорғанынан Қаратеңіз бен Қап тауына дейін созылған Гун империясының өркеніеті неге жасырылады?

-Біраз мезгіл кейінірек өмір сүрген А.Македонский марапатталады да, одан бұрын он есе күшті қолбасшы болған Мөде-хан жайында еш тарихта айтылмауының себебі неде?

-Тіпті, кеше ғана Еуропадағы аса үлкен әсері болған Еділдің (*Аттиланың*) тарихы неге жасырылады?

-Еуропаның VI – шы ғасырға дейін *сақ* тілінде сөйлегені неге айтылмайды?

-Немесе, Шығыс Еуропаның IX-X-шы ғасырларда қыпшақ тілінде байланыс жасағанын (*Кодекс куманикс*) айтпаудың себебі неде?

-VI-VIII ғасырларда бүкіл әлемді дүр сілкіндірген Шығыс және Батыс Түрік қағанаттары жайында да айтылмауы қалай?

-Кешегі өткен Шыңғыс-Жошы-Батый-Алтын Орда шындықтары неге бұрмаланып отыр? Мінеки, айта берсе, бұл тәрізді тарихи әділетсіздік толып жатыр...

-Осының салдарынан, бүкіл адамзат тарихының ғылыми жүйелері мен негіздері бұзылды.

-Сақтар мен Ғұндар тарихының әдейі айтылмауынан, бүкіл Түрік халықтарының көне тарихы бұрмаланды. Осынау, ар ұялар істердің бетін ашқан, тек Қазақ даласынан табылған бірнеше археологиялық ғажайыптар мен «Алтын адам» киімдеріндегі даналық өрнектер және Арким-Сынтасты өркеніеттері, евроцентризмнің әділетсіз де, жалған ғылым екенін дәлелдеді.

-Мұндай фальсификациялардың салдарынан, адамзат қауымы бүгінге дейін, әділетті де қайырымды қоғам құра алмай отыр.

-Мұның ең үлкен зауалы, адамзат қауымының тәрбиесіне қабат ауыр зардаптарын тигізуде...» /*Совет – хан Ғаббасов, «Ұлы дала – адамзат өркеніетінің бесігі», Жамбыл облыстық «Ақ жол» газеті, №139 – 141, 23 тамыз, 2008 – жыл.*

Ежелгі замандағы «сақтар» деп аталатын халықтың - біздің арғы бабаларымыз болғаны рас. Еуроорталық ағымның түркі халықтарына арналған негізсіз болжамдары ешқашан шындыққа сәйкес келмейтін. Олар сақтар мен ғұндардың тікелей ұрпақтары саналатын түркі халықтарын мәдениеттен жұрдай, жабайы халықтар деп келді. Тек ғана XIX ғасырдың аяғында ғана Дания ғалымы В.Томсен Орхон және Енесай өзендері бойынан табылған «Күлтегін», «Тоныкөк» жазба ескерткіш – жазуының құпия сырын ашқаннан соң ғана олар түркі халықтарына деген көзқарасын өзгертуге мәжбүр болды.

Сақтардың б.з.б. VII-IV ғасырларда жасағаны белгілі. Олар Орталық Азия, Қазақстан және Шығыс Түркістан жерлерінде өмір сүріп, сол дәуірлерде

дүние жүзіндегі өзге ұлттар мен ұлыстар секілді аталған кен аймақта көшіп-қонып жүрді. Қолда бар тарихи деректерге сүйенсек ежелгі сақтар тек мал шаруашылығымен ғана емес, егіншілікпен де, темір қорытумен де айналысқан. Жаулардан қорғанатын қамалдар да салған. Жастарды аншылыққа үйрете жүріп, соғыс өнеріне де машықтандырған.

Ирандықтар сақтарды «ахеменидтер» деп атаған. Ирандықтардың сына жазуында сақтарды осылай деп жазғаны белгілі болды. Мұны көптеген жазба деректер де растайды. Жер астынан табылған әр түрлі ескерткіштер де осыны айғақтап отыр.

Қара теңіздің солтүстігі мен Арал теңізінің жағасы, Әмудария мен Сырдарияның төменгі ағысын мекендеген сақтардың тарихы жөнінде көптеген ғалымдар зерттеу еңбектер жазып, олардың тарихтағы орынын анықтады.

Ежелгі сақтардың мекендеген жері туралы Ә.Қоңыратбаев былай деп жазады: «Біздің эрамызға дейін VIII-VI ғасырларда сақ, массагет тайпалары осы күнгі Алтай, Орталық Азия және Қазақстан жерлерін мекендеген. Олардың қонысы теріскейде Каспийден Тянь-Шань тауларына дейін, түстікте Согда, Сейістан, осы күнгі Түркімения жеріне дейін созылған...» /Ә. Қоңыратбаев, «Қазақ эпосы және түркология», Алматы, «Ғылым» баспасы, 1987 – жыл, 17 – бет/.

Ежелгі сақтар туралы ежелгі грек тарихшылары мен отандық тарихшылар Геродот, Рим тарихшысы Помпей Трог, Полиэн, Арриан, В.В. Григорьев, Н.Я.Бичурин, В.В. Бартольд, Л.Н. Гумилев, С.П. Толстов, О.А. Вишневская, Н.Я.Март, И.М.Дьяконов, Страбон, В.М.Массон, С.Г. Кляшторный, Ә.Марғұлан, Н. Келімбетов, Т.А.Сұлтанов, А.М. Мандельштам, М.Ақынжанов, И.Кругликова, У.Шалекенов, Ә. Қоңыратбаев, Т. Жұртбай, Ғ.Есімов, А.Қыраубаева, А. Мектеп – тегі, филология ғылымдарының докторы М.Иманғазин, аспаптану ғылымдарын зерттеуші З.Жәкішева, К.Әкішев, Қ.Салғараұлы, ақын Шаяхмет Оразымбекұлы, Г.Қошаев, М.Әбілұлы, Т. Әсемқұлов, ақын Зайда Елғондинова, журналистер А. Оспанбай, Думан Анаш т.б. ғылыми, әдеби еңбектер жазғаны белгілі.

“ Зерттеуші-ғалым А. Мектеп-тегі «Бітік тасқа тіл бітсе...» деп аталатын зерттеу еңбегінде сақ тайпасының қазақ халқына жақындығын дәлелдейді: «Ана тіліндегі көне лексикалық қабатты білдіретін сөздердің бір парасы – жер - атаулары. Жер-судың аты – ел-жұрттың хаты. Сонан да болар, халқымыз «жер тарихы – ел тарихы» деп мақалдайды. Өкініштісі, осы топонимдер мен гидронимдердің этимологиясына байланысты оқымыстылар салыстырмалы лингвистикалық әдістемеге сүйеніп, сыртқы тұлғалық ұқсастығын қуалап, жүйесі мүлдем бөлекжат тілдерден шығаруды көздеп, мезі қылған қисынсыз талдаулар мен қате пайымдаулардан өзiрге арыла алмай келеміз. Мағынасы

күнгірт, түсініксіз сөздер мен жұмбақ атаулардың бәрін бірдей басқа тілден іздеу үстірт ойлаудың нәтижесі. Енді сөзге қонақ беріп, көзбен көріп, құлақ түрелік:

«**Сағыз** (Ақтөбе, Атырау обл.) - өзен және село аты. ...ол атау «Үлкен Сызық» кітабында гидроним (*су аты*) **Қайнар – Сакқыз**, яғни **Сағыз бұлағы**, жылғасы болған. Біз мұны Маңғыстаудағы Сегизхан, Секизхон атауларымен қоса қарап мынадай қорытындыға келдік: сағыз, сегиз – «лай, саз, балшық» (*иран тілі*), «құлақтан ағатын құлық (*тат*), сонда «**Сағыз** – «лайланып,сыздықтап ағатын бұлақ (*жылға*). Осы құлықты монғолдар өзен атына пайдаланып жүр. Олардағы Халхута деген өзен аттары «құлықты», яғни «сыздықтап ағатын» мағынасын береді» /*Мақсат Жолжанұлы, 147 атау сыры, «Жалын» журналы, 1996 – жыл, №5 – 6, 250 – бет/.*

Шындығында, Сағыз өзенінің Ақтөбе облысындағы ағатын өңірі географиялық рельефі жағынан құмды шөлеймақ болғандықтан өзеннің табаны да құмдақ топырақ әрі суы мөп – мөлдір боп келеді. Өзеннің жағасын қуалай екі жақ бетіне қамыс – құрақ, сораңның бірнеше түрлері, шонайна, цағыр, жыңғыл, қараған, мия, боз жусан, қаңбақ, сағыз секілді құмдақ жерге шығатын өсімдіктер өседі. Өзен атауын сағыздай созылған өсімдіктің сапалық қасиетімен байланыстырушылардың да табылары ықтимал. Алайда, гидронимнің бұған мүлдем қатысы жоқ, тек кездейсоқ сыртқы тұлғалық жағынан ғана ұқсас. Өйткені **сағыз** өсімдігі құм біткеннің бәрінде бірдей өседі, екіншіден, аталған өзеннің үштен бір бөлігі ғана құмды атырапты қиып ағады. Бұл атау – біздің жыл санауымызға дейінгі дәуірдің мыңжылдықтарынан елес беретін тарихымызға куә болып келген рухани жәдігер. Сөз тұлғасы екі компоненттен тұрады: біріншісі – **сағ** (**к**) (тайпа аты, этноним), екіншісі – **ыз** (**үз**) (өзен деген ұғымды береді). Яғни атаудың лексикалық мағынасы «**сақтардың өзені**» дегенді білдіреді. Йероглифтік мағынасы: САҚҮЗ (*Сағыз*). Міне, сонымен біздің жыл санауымызға дейінгі дәуірдің бірмыңыншы жылдары тарихи аренада аты шыққан **сақтардың бүгінгі қазақ этносымен генетикалық тікелей байланысы барлығын бекіте түсетін тағы бір тілдік айғақ Сағыз атауы деуге болады...** /*А.Мектептегі, «Бітік тасқа тіл бітсе...», «Алтын бесік» журналы, №1 саны, 1998 – жыл, 37 – бет/.*

Кеңестік жүйе кезінде айтыла бермейтін, тіпті ауызға алуға, жазуға тыйым салынатын «қазақ аспаптану ғылымы» деген ғылым қазіргі таңда өсіп, өркендеу жолында екені анық. Осы аспаптану ғылымы арқылы қазақтардың арғы бабалары – сақтардың музыка аспаптарында **домбыра** бар екені анықталды. Қазақ аспаптану ғылымына өз үлесін қосып жүрген белгілі аспаптанушы Зәбира Жәкішева «Домбыралы сақтар» деп аталатын ғылыми мақаласында: «Жаратылыс, тіршілік, табиғат құбылыстары мен замана, уақыт,

қоғам үрдісіне сай үздіксіз алмасулар мен өзгерулерді бастан кешіп келе жатқан дәстүрлі музыкалық аспаптарымыз тарихы сонау көне ғасырлардан бермен қарай тамыр тартады. Қазақтың ұлы даласының әр өңірінен анықталып, табылып жатқан музыкалық аспаптардың архаикалық нұсқаларының халық тұрмыс-тіршілігі мен тарихының барлық жақтарына қатыстылығы барынша айқындала түсуде...» - деп жазды (З. Жәкішева, «Домбыралы сақтар», «Қазақ тарихы» журналы, 2011 –жыл, №5, 9 – бет). Ал Р.Садоков «Музыкальные культуры древнего Хорезма» атты ғылыми-танымдық мақаласында Хорезм ойпатындағы ежелгі сақ әуеншісі туралы: «...Музыканттың басында шошақ төбелі тымақ. Аспаптың мойыны қысқа, басы артқа қарай қайырылған. Аспап барлық нұсқасымен екі ішекті қазақ *домбырасын* бейнелейді...»-деп жазады /Р. Л. Садоков, Музыкальные культуры древнего Хорезма, - Москва: Наука, 1970/.

Домбыраны сақтардың көнеден келе жатқан музыка аспабы дейтін болсақ ел аузында кездесетін «домбырашы сақтар», «домбыралы сақтар», «сақтардың жыршылары», «сақ жыраулары», «сақтардың әншілері», «сақтардың жоқтаушылары», «сақ күйшілері» деген сөз тіркестері ғалымдардың **«сақтар-қазақ халқының арғы тегі»** деген болжамын дұрысқа шығарады.

Белгілі ғалым А. Қыраубаева сақтар жайлы: «Сақтар біздің заманымыздан бұрын Монғұлия мен Дунайдың арасын мекендеген. «Сақ» сөзі қазақ тілінде күні бүгінге дейін сақталған. Мысалы: сақа (*асық*), сақшы, сақпан, қарсақ, сақсыну, тағы басқа. «Сақты» грек тарихшылары – искиит, еуропалықтар (*европалықтар*) – скиф дейді. Сақтар жауынгер болған. Жауынгер көшпенділердің батырлары туралы аңыз-әңгімелер б.з.б. V ғасырда өмір сүрген грек тарихшысы Геродоттың «Тарих» атты кітабында, қытайлықтар Сыма-цяньның «Жылнама», Бань-Гудің «Ханнама» атты кітаптарында жазылған. Олар біздің заманымыздан бұрын гректермен мәдени, сауда-саттық байланысын орнатқан. Византиялық Феофилакт Симокатта: «Күншығыста тұрған скифтерді біз түріктер деп атаймыз», -деген. Көне Грециядағы жеті ғұламаның бірі саналған Анахарсис көшпелі скифтердің ұлы...»-деп жазды (А.Қыраубаева, «Ежелгі әдебиет», Алматы, «Өнер» баспасы, 2008 – жыл, 6 – бет).

Қазақ Энциклопедиясында б.з.д. VI-VII ғасырларда өмір сүрген Анахарсис туралы былай деп жазады: «...Тарихта «Скиф-Анахарсис» деген атпен белгілі болған Сақ тайпасының ғұламасы» /Қазақ Энциклопедиясы, Алматы, «Ұлттық Энциклопедия», 1999 – жыл, 359 – бет/.

Анахарсис туралы философия ғылымдарының докторы, академик Ф. Есім: «Әлемдік тарихта есімі «Анахарсис Скифский» деген атпен қалған, сақтар мемлекетінің өйгілі ойшылы туралы ақиқат та, аңыз да баршылық»-деп жазды.

Анахарсис туралы филология ғылымдарының докторы, профессор А.Қыраубаева, филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Жұртбаев, филология ғылымдарының докторы, профессор М.Иманғазинов, филология ғылымдарының кандидаты, профессор М.Әбілұлы, т.б. ғылыми-зерттеу мақалалар жазды.

Ғалым М.Иманғазинов қазақтың көрнекті ақыны Ш.Құдайбердиевтің «Крез патша» атты поэма жазғанын, поэмада Анақарыстың досы Солонның өмірінен деректер келтіретін жазады.

Филология ғылымдарының докторы, профессор М.Иманғазинов «Сақ Анахарсис және оның тарихи-әдеби орны» деп аталатын ғылыми мақаласында былай деп жазады: «...Европалық ғалымдардың пікіріне көңіл қойсақ, ол әлемдегі «жеті данышпанның» бірі болып, артына талай өлмес мұра қалдырған. Сол сөздердің біркатары қазірге дейін пайдаланылып жүр.

Геродот өзінің «Тарихының» төртінші «Мельпомена» атты кітабында Анақарыс туралы мынадай жайтты айтады: *«Дарий жорық жасаған елдердің ішінде, скиф жұртынан басқа, Евексин Понтта («Қара теңіз жағалауы») деген мағына) ең бір жабайы тайпалар тұрады. Шынында да, Понттың осы өңірінде бірде-бір көзі ашық тайпа жоқ, скиф Анахарсистерден басқа бірде бір өйгілі адамды кездестіре алмадық. Бізге белгілі халықтардың ішінде тек скифтер ғана адам өміріне қажет ең мәнді өнерді меңгерген. Олар еліне шапқан жаудың бірде-бірін құтқармайды; егер өздері қаламаса оларға ешкім жете алмайды. Себебі, скифтердің не қалалары, не бекіністері жоқ, олар үйлерін өздерімен бірге алып жүреді...»* - десе, жабайылар елінде туған Анақарыс шамамен жиырма бес жасында Элладаға барып, оқымыстысы бар дана - данышпандары бар бәрін ауызына қаратып, өзін және халқының даналығын мойындатып кетеді.

Еуропалық ғалымдар Анақарыстың есімі ерте кезден-ақ елге танымал екендігін айтып жүр. Бірақ, өзі шыққан елінде оның кең көлемде зерттелмей, көмескі күйде қалуы өкінішті жайт. Оның есімі соңғы 10-15 жылда ғана ауызға алынатын болды.

Анахарсис б.д.д. 620-555 жылдары өмір сүрген. Платон оны *«Аты аңызға айналған скиф, өзінің Грекияға жасаған саяхаты кезінде даналығымен даңққа бөленді және Солонның ықпалымен өмірін философия ғылымына арнады»*, - деп жазады. Ал Платон Анахарсистен үш жүз жыл кейін өмір сүрген адам болса, оның есімін Афинадағы саяси реформатор Солонның жазбаларынан оқып-тануы әбден мүмкін. Өйткені, Солон Платонның шешелері жағынан жақын туысқаны болып келеді.

«Тарих атасы» Геродот пен Страбон Анахарсисті «жеті ғұламаның бірі» деп мойындайды. «Жеті ғұлама» деген атауды алғаш рет қолданысқа енгізген

гректің дарынды тарихшыларының бірі – **Плутарх** (б.д.д. 40-жылдары туыл, шамамен 120-125 жылдары қайтыс болған). Мұндай пікірді ол «Тарихи адамдардың салыстырмалық өмірбаяндары» деген тарихи кітабында «*Жеті ғұлама сауығы*» деген еңбегінде айтып кетеді. Оның ойынша «**Жеті ғұламаньн**» қатарына **Солон, Периандр, Фалес, Питтак, Биант, Хилон, Клеобул** болса, олардың қатарында сауыққа Анахарсис та қатысқан...» /М. Имангазинов, «*Сақ Анахарсис және оның тарихи - әдеби орны*», «Қазақ тарихы» журналы, №1, 2011 – жыл, 33 – бет/.

М.Имангазинов «Сақ Анахарсис және оның тарихи-әдеби орны» деп аталатын ғылыми мақаласында: «...Геродоттың айтуы бойынша: «*Анақарыс-скиф патшасы Спаргапиттің шөбересі, Ликтің немересі, Гнурдың баласы*». Көненің көзіндей болған ата-бабаларымыздың өнегелі де өрелі істері жөнінде еңбек жазған, қаламы қарымды ғалымдарымыздың бірі Тұрсын Жұртбаев өзінің «Дулыға» атты еңбегінде Анахарсис Скифский жөнінде тұжырымды дерек келтіреді. Тіпті, жазып отырған тақырыбымызға сай қазақтың грек елімен байланыстылығы жөнінде жанды фактілерге мольнан кезігіміз.

Біріншіден, Анақарыстың шешесі грек қызы екендігі, **екіншіден**, соның аркасында грек тілін жете білгендігі және ең басты ұстанатын белгі – Анақарыстың сол тұстағы гректің даналары Солон, Питтак, Клеобул, Фалес, Хилон сынды данышпандармен қатарлас, дәрежелес екені.

Адамнан беті қайтып көрмеген, кісіден сескенуді білмейтін еркін елдің бекзадасы білімнен де кенде емес еді. Туған анасының төркініне деген құрметі бала кезінен қалыптасып, оның да жүрегін қытықтап, сол елді көрсем-ау деген арманмен ер жетті. Кім нағашы жұртын жек көрсін. Атамыз қазақ жігіттің үш жұрты туралы айта келіп: «*Өз жұртың күншіл келеді, қайын жұртың міншіл келеді, нағашы жұрт-нағыз жұрт*» демей ме. Ол аз болса, «*Үйдің жақсы болмағы ағашынан, жігіттің жақсы болмағы нағашыдан*» дейді тағы да. Әйтсе де Анақарыстың нағашы жұрты оны сынаудай-ақ сынап бағыпты.

Е.Шаймерденұлы құрастырған «Қазақ афоризмдері» (қазақ афористикасы: *бағзыдан – бүгінге дейін*) атты кітапта Анарыс (Анахарсис) туралы былай деп жазады: «Анақарыс (Анахарсис) шамамен б.з.д. 638 – б.з.д. 539) – скиф философы, әлемдік философия тарихында әйгілі «жеті ғұламаньн» бірі саналады. Анақарыс туралы және оның шығармашылығы жайлы Геродот, Плутарх, Эзоп сияқты көне грек авторлары, сириялық ойшыл Лукиан және басқалар кең жазып қалдырған. Білім іздеп дүниенің төрт бұрышын шарлаған. Солон патшаның кезінде көп жылдар Афиныда өмір сүрген дала билеушісінің (Гиур – Қайыр (?)) баласы ақыр аяғында Еділ бойындағы бауырларын аңсап жеткен шағында өз қандастарының қызғанышының нәм грек мәдениетіне деген ерекше құштарлығына деген түсінбестіктің құрбаны болған деседі. Ескерткіш

статуясына: «Тілінді тый, тамақты талғап іш, құмарлыққа салынба!» деген сөздері ойып жазылған. Ұлы ғұлама дойбы ойынын, қыш құмыра жасайтын аспап және кеме зәкірін (*якорь*) ойлап тапқан деген де деректер бар. Анақарыс афоризмдерінен далалық ойлау жүйесі табиғатына тән ерекшелік айқын аңғарылады...» /«Қазақ афоризмдері», құрастырған: Е. Шаймерденұлы, Алматы, «Алматыкітап» баспасы, 2008 – жыл, 268 – 269 – беттер/.

Анақарыстың Эллада еліне жетіп, онда гректерге танымал емші-балгер, қазіргі тілмен айтқанда дәрігер, ата-тегі скиф **Токсарымен** (*Токсарид*) жүздесіп, әйгілі жақсы жерлерді, қалаларды көрсетуді, атақты философ Солонмен кездестіруін өтінеді.

Токсары одан асықпай айналадағы жұртпен, Элладаның мәдени ошақтары мен өнерін, әдебиетін, органы таныту мақсатын көздейді. Бір жыл өткесін бөтен елдің қыр-сырымен жете таныс болған Анақарыс Солонмен жүздесуінің сәті түседі. «*Диоген Лазертскийдің баяндауынша, Солон мен Анахарсис дос болғанға ұқсайды. Ол жөнінде мынандай аңыз бар: «Ол Афиныға Евкрат архондығының 48-олимпиадасына келген...Гермиттің айтуынша, ол Солонның үйіне келіп, қызметші құлга: «қожайынға айт, алыс скиф жерінен Солонға қонақ әрі дос болуға Анахарсис келіп тұр де» - дейді. Солон құл арқылы жауап қайтарып: «Әдетте адам досты Отанынан іздейді», - дейді. Бірақ, Анахарсис қолма-қол тапқырлық жасап: «Ендеше Солон өз Отанында неге дос іздемеске?!», - деп жауап береді. Солон Анахарсистің тапқырлығына таң қалып, үйіне енгізіп, содан дос болып кеткен».*

Әрине, бұл Солонмен Анахарсистің алғашқы жолығуы жайлы аңыз. Көне оқиға. Шыңында да Солон мен Анахарсис бір-бірін сыйлап өткен. Ол туралы Аристотельде де айтылған. Ал Лукианның айтуынша, Анахарсистің еліне оралуына басты себеп Солонның дүниеден қайтуы...» /М. Имангазинов, «Сақ Анахарсис және оның тарихи - әдеби орны», «Қазақ тарихы» журналы, №1, 2011 – жыл, 34 – бет/.

Қазақ ауыз әдебиетінің тарихшы үшін маңызды екенін белгілі ғалым, тарихшы Е. Бекмаханов былай деп жазады: "Қазақ ауыз әдебиеті тарихшы үшін деректерінің жітілігі, әртүрлілігі және байлығы жағынан бізге баға жетпес қазына болып табылады..." /"Бекмаханов Е, "XIX ғасырдың 20-40-жылдарындағы Қазақстан", Алматы, 1947-жыл, 3-бет/.

А. Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің президенті, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Уәлихан Әбдібеков "Қазақ-әлемдегі ең байырғы ұлттардың бірі" атты танымдық мақаласында былай деп жазады: "Бабаларымыз қазіргі қазақ жеріне бұдан 65 мың жыл бұрын келіпті. Олар осыдан 400 мың жыл бұрын пайда болған алғашқы адамдардың үлкен бір тобы екен...Соңғы 5-6 жылда әлемде тарихты

адамның геномы, немесе генетикалық әдіс бойынша зерттеу қолға алынды. Жалпы құны 3 миллиард АҚШ доллары тұратын халықаралық генография жобасы бойынша жүргізілген зерттеулерге сәйкес, қазіргі адамдар осыдан 400 мың жылдай бұрын пайда болыпты. Алғашқы адамдардың бірі шығыс Африкада дүниеге келген. Осыдан 65 мың жыл бұрын сол адамдардың үлкен бір тобы Таяу Шығыс пен Орталық Азияға қоныс аударған, қазіргі Қазақстан аумағына келген...Зерттей келе сол қоныс аударғандардың генотипі *біздің қазақ ата-бабаларымыздың генімен* сәйкес келетіндігі анықталған. Әлгінде айтылған адам генетикасын зерттеуге арналған жобаның қорытынды мәліметіне сәйкес, генді тасымалдаушы халықтың 58 пайызын С3-М130 гені барлар (*қазақтардың гені*) құрайтыны белгілі болды. Екінші бір тәуелсіз дерек бойынша С3-М217 гені осыдан 48 мың жыл бұрын *қазіргі Қазақстан аумағында* пайда болған. Бұл ген қазақ халқының 40 пайыздан астамын құрайтыны белгілі. Алғашқы және соңғы аталған маркерлер біздің ұлы тайпаларымыздың барлығында кездеседі. Халқымыздың басым бөлігінде бар...Әлем халықтарының біразы, тіпті, австралиялықтар, швейцариялықтар, жапондар, көрші қытай мен үндістер, орыстар "біз кезінде Орта Азияның солтүстігінен келіппіз"-дейді. Бірақ "қазіргі Қазақстан аумағынан келіппіз"-демейді.Түбі қазақтардан тарағандарын мойындағылары келмей, қай-қайдағыны шығарып, жалған сөйлейді.

Ресей халықтарының гендері-Р1а1. Бұл геннің иелері көбінесе ағылшындар, немістер, орыстар, латыштар т.б. болып келеді. Геннің пайда болғанына 20 мың жыл болыпты. Яғни, өздері жас халықтар. Осыдан 15 мың жыл бұрын осы гендегі халықтардың саны көбейген кезде олар Еуропаға, Шығыс Азияға қоныс аударған. Ал қазақтардың гендері олардың маркерінен ондаған мың жыл бұрын пайда болған. Жас ген ескі гендерден пайда болатынын түсіну үшін профессор болудың қажеті жоқ...

Геннің тазалығы жас ұрпақтың күнделікті тыныс-тіршілігінде, айталық жұмыста, қарым-қатнаста, спорттық жарыстарда, жауынгерлік іс-әрекеттер кезінде т.б. сәттерде айқын аңғарылып тұрады. Тұқымы таза адамдардың барлық уақытта мысы басым болады. Мысалы, қазақтың рубасылары, тайпалардың көшбасшылары, билері батырларды өздерінің жанында ұстаған. Олар бастарына күн туа қалса елді шапқыншылардан қорғаған. Қазақтың жас жігіттерінің кез-келген уақытта елді қорғауға дайын тұруына сол батырлар қамқоршы болған. Мұндайда шын мәнінде мысы басым батырлар қол бастаған. Олар шапқыншылардың қол бастаған мықтысын жекпе-жекте жеңгенін көрген соң қара ниетпен келген басқа жауынгерлері бытырап, бет-бетімен кеткен. "Жүрегінің түгі бар" бір жауынгер оншақты шапқыншыға қарсы шыққан. Осы тұрғыдан қарасақ, қазақтың батырлар жырларында шындық бар.../У. Әбдібеков,

"Қазақ әлемдегі ең байырғы ұлттардың бірі", республикалық "Ұлт мұраты" газеті, №5, 2015-жыл.

Қазақстан журналистер одағының мүшесі Бектай Әлімбаев "Қазақ" атауынан қазақ хандығына дейін..." атты танымдық мақаласында былай деп жазады: "Біздің сақтан тамыр тартатын түпкі тарихымыз қазіргі жыл санауымыздан бұрынғы VIII-VII ғасырлардан бастау алады. Ол кездері Алтайдан Дунайға, Енесай шатқалдарынан Памир тауларына дейінгі ұлан-ғайыр өлкеде "ат құлағында ойнаған" дала сайыпқырандары-сақтар өмір сүрген. Және олардың өзі өмір өскеледігімен бірнеше іргелі тайпаларды құраған. Сақтардың бірлестік негізін қалаған алғашқы көсемі Алып Ер Тоңа болыпты. Оны атақты Фирдоусидің "Шахнамасында", жалпы шығыс елдерінде Афрасиаб деп атайды. Сақтардың ол кездегі діні-Көк Төңірі, жазуы-түрікше болған. Оларды романдықтар -"сокие", қытайлықтар "сай", ирандықтар "сака", парсылар "сақ", үнділер "саку", эллиндіктер (гректер)-"скиф" деп атапты. Мұндай атаулар мен тарихи деректерді "тарих атасы" Геродоттан бастап Аристей, Страбон, Ктесий, Ксенофонт, Помпни Мера?, Климент Александриский, Полиэн(Палиша) сынды грек тарихшылары жазған және ішінара парсының Дарий I патшасы да тасқа шөкітіп қашаттырған "Бехустин" жазбалары мен Персеполь және Хамадан мәтіндері біздің заманымызға жеткізді.

Сақтардың өмірі мен тұрмыс-тіршілігі, олардың күнделікті пайдаланған ас-су, құрал-саймандары жайлы тереңірек және көбірек жазған Геродот пен Аристей. Олардың жазуынша сақтар әлеуметтік-ұлыстық тұрғыда үш топқа бөлінеді екен. Алғашқысы-Хаомаварлар, яғни қымыз даярлаушылар. Екіншісі-Парадариялықтар (*үлкен судың арғы жағындағы сақтар*). Үшіншісі-Тиграхаудалар. Бұл-"шошақ төбелі бөрік киетіндер" дегені. Гректер өздерінше осылай атаған бұл үш ұлыстан тұратын ағайынды сақтардың әлгідей атауларының өзінен - ақ қазақ иісі аңқып тұрған жоқ па?

Сонымен бірге тағы бір көңіл аударарлық жайт, "Мидия, Ассирия, Лидия жұртшылығы сақтарды "ишгуз" деп атапты" (*О. Сүлейменов, "Аз и Я", 252-бет*). Ишгуз (*ишкуз*)-үшкөз (*үш ата, яки үш жан*), үш Оғыз (*үш ру, үш тайпа*), Үш Жүз (*үш жұрт, үш ұлыс*) деген мағынада екендігінде дау жоқ. Оның үстіне, бұл грек тарихшылары мен Ассирия шежірешілері жазып кеткен осынау дерек көздерін сақтардың төл шежіресі де "тірілтіп", олар өздерін әу баста ірі-ірі үш рудан тарайтынын өсиет етіп қалдырған. Және біз осы қағиданы күні бүгінге дейін солай қабылдаймыз. Бір қызығы сол, бұл үш ата (*ишкуз*)-қазақ шежіресіндегі Алашұлы Жайылханнан тарайтын Қазақ, Созақ, Ұзақ болуы немесе Қазақұлы Жұманнан туатын Арыстың алты ұлдарының ішіндегі ең көп тарағаны- Ақ-Арыс, Жан-Арыс, Бек-Арыс болуы да әбден мүмкін.../Бектай

Әлімбай "Қазақ" атауынан қазақ хандығына дейін...", республикалық "Қазақ" газеті, №25, 2005 - жыл.

Біз тарих беттерін парақтағанда ежелгі грек оқымыстыларының ежелгі хасактар (қазақтар) туралы жазып кеткен тұжырымдарына назар аударуымыз қажет. Сонан соң ауызша тарихқа, ауыз әдебиеті үлгілеріне көңіл бөлуіміз қажет. Сонан әдебиетіміздің ежелгі дәуірі туралы тың мағлұматтар аламыз.

Мендібай Әбілұлы,
филология ғылымдарының кандидаты, аймақтық
менеджмент академиясының профессоры, Қазақстан
журналистер одағының мүшесі.

САҚ ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Ежелгі сақ дәуіріндегі хассак (қазақ) әдебиеті туралы айтпастан бұрын тарихқа шегініс жасайық.

Ежелгі сақтар, ғұндар, үйсіндер мен қаңлылар туралы, жалпы қазақ ұлтының пайда болуы, дамуы мен қанат жайып өркендеуі туралы ғалымдар Ә.Төлеубаев, Ж. Қасымбаев, М. Қойгелдиев, Е. Қалиева, Т. Далаевалар былай деп жазады: "Біз көптеген соңғы дереккөздеріне сүйене отырып, негізгі бөлігі қазіргі қазақ даласында қоныс тепкен Сақ конфедерациясы, Ғұн, Үйсін, Қаңлы мемлекеттерін қазақ даласында құрылған ежелгі мемлекеттер ретінде тану мүмкіндігі бар деп санаймыз. Сондықтан қазақ даласында салтанат құрған мемлекеттердің аумақтық және этномәдени сабақтастығын ескеріп, қазақ мемлекеттілігі тарихын төмендегі кезеңдерге бөлуге болады:

1. Ежелгі ерте мемлекеттік бірлестіктер кезеңі: Сақ конфедерациясы (Страбон бойынша), Үйсін, Қаңлы, Ғұн мемлекеттері.

2. Қазақ мемлекеттілігінің түркілік кезеңі. Қазақ мемлекетінің басты белгілері осы кезеңде қалыптасты.

3. Моңғол ұлыстары билігі дәуіріндегі Қазақ мемлекеті.

4. Ақ Орда мемлекеті. Қазақ хандығы кезеңі.

5. Патшалық Ресей, Кенес Одағы кезеңіндегі Қазақ мемлекеті.

6. Тәуелсіз Қазақстан Республикасы мемлекеттік өркендеудің жаңа белесі..." /Ә.Төлеубаев, Ж. Қасымбаев, М. Қойгелдиев, Е. Қалиева, Т. Далаева, "Қазақстан тарихы", Алматы, "Мектеп" баспасы, 2014-жыл, 3-4-беттер/.

Ғалымдар Ә.Төлеубаев, Ж. Қасымбаев, М. Қойгелдиев, Е. Қалиева, Т. Далаева Қазақ мемлекеттілігінің қайнар көздері деп сақтарды, ғұндарды, үйсіндерді, қаңлыларды атап көрсетеді: "Ерте мемлекеттік бірлестіктер мен түркі кезеңіне байланысты, әсіресе қытай деректері мол мәлімет береді. Бұл деректер бойынша қазақ мемлекеттілігінің қайнар көздері: сақтар, ғұндар, үйсіндер, қаңлылар. Бұл туралы ежелгі қытай деректерінде "түркілер ғұндардың бір тармағы...Арғы аталары ғұндардың солтүстігіндегі Сақ елінен шықты...Күмбез пішінді киіз үйде тұрады..." делінген..." /Ә.Төлеубаев, Ж. Қасымбаев, М. Қойгелдиев, Е. Қалиева, Т. Далаева, "Қазақстан тарихы", Алматы, "Мектеп" баспасы, 2014-жыл, 4-бет/.

Белгілі ғалым Н. Келімбетов "Қазақ әдебиеті бастаулары" деп аталатын ғылыми еңбегінде қазақ әдебиеті тарихын арғы ататегіміз сақтар мен ғұндардан бастау қажеттігін алға тартады: "...қазақ жазба әдебиетінің бастаулары Түрік қағанаты тұсында, яғни VIII ғасырда жазылған "Күлтегін" жырында жатыр дейік. Ал, қазақтың батырлар жыры негізінен Жоңғар шапқыншылығы тұсында, яғни XVII-XVIII ғасырларда пайда болды деп жүрміз. Сонда қалай, алдымен жазба әдебиеті, сосын ерлік эпосы өмірге келді ме?

Әрине, бұл арада "қазақ" деген этноним сөздің пайда болуына ерекше мән беріп, қазақ халқының тарихын XV ғасырдан бастап жүрміз. Дегенмен біз француз, неміс, ағылшын сияқты халықтар өздерінің ауыз әдебиеті тарихын біздің жыл санауымыздан бұрынғы көне дәуірден, яғни "француз", "неміс", "ағылшын" деген сөздердің жоқ кезінен бастайтынын ескергеніміз жөн. Тіпті басқаларды есепке алмағанның өзінде өзбек, әзірбайжан, армян, грузин халықтары өз ауыз әдебиеті тарихын қадым замандардан бастайды.

Міне, осы жоғарыда айтылған ой-пікірлерді ескере отырып, біз қазақ ауыз әдебиетінің бастауларын өзіміздің арғы ататегіміз сақтар мен ғұндар дәуірінің батырлық дастандарынан бастағанымыз жөн деп білеміз..." (Н. Келімбетов, *"Қазақ әдебиетінің бастаулары"*, Алматы, *"Ана тілі" баспасы*, 1998-жыл, 5-6, 13-беттер).

Ғалымдардың осы тұжырымдары негізінде қазақ әдебиетінің тарихын "Ежелгі сақ дәуіріндегі қазақ әдебиеті", "Ежелгі сақ дәуіріндегі қазақтың жазба әдебиеті", "Ежелгі сақ дәуіріндегі қазақ ауыз әдебиеті", "Ежелгі ғұн дәуіріндегі қазақ әдебиеті", "Ежелгі ғұн дәуіріндегі қазақтың жазба әдебиеті", "Ежелгі ғұн дәуіріндегі қазақ ауыз әдебиеті", "Ежелгі үйсін дәуіріндегі қазақ ауыз әдебиеті", "Ежелгі қаңлы дәуіріндегі қазақ ауыз әдебиеті", "Исламдық түркі дәуіріндегі қазақ ауыз әдебиеті", "Алтын Орда (Қыпшақ) дәуіріндегі қазақ ауыз әдебиеті" деп қарастыруға болады.

Біз қазақ балалар әдебиетінің тарихын мынадай кезеңдерге бөлдік: "Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар ауыз әдебиеті", "Ежелгі ғұн дәуіріндегі балалар ауыз әдебиеті", "Исламдық түркі дәуіріндегі балалар ауыз әдебиеті". Ал, қазақ балалар әдебиетінің тарихы қазақ әдебиеті тарихының құрамдас бір бөлімі екені даусыз.

Ғалымдар Ә. Төлеубаев, Ж. Қасымбаев, М. Қойгелдиев, Е. Қалиева, Т. Далаева қытай деректерінде атап көрсетілген сақтар мен үйсіндердің, қаңлылардың ежелгі тарихы бойынша былай деп жазады: "Қытай деректерінде үйсін, қаңлылардың жер аумағы, жан саны, әскери күш-қуаты туралы біршама мәліметтер бар. Онда Усунь (Үйсін), Сақ қазақтардың (хассак) ата-бабалары болып табылады делінген. Үйсін елшілері Қытаймен тұрақты қарым-қатынаста болды. Қытай деректерінде біздің заманымыздың VI ғасырынан бастап Алтай түріктері, Қидан, Моңғол этнобанының бөлімдерімен араласу барысында қазіргі қазақ халқы қалыптасқандығы анық көрсетілген..." /Ә.Төлеубаев, Ж. Қасымбаев, М. Қойгелдиев, Е. Қалиева, Т. Далаева, *"Қазақстан тарихы"*, Алматы, *"Мектеп" баспасы*, 2014-жыл, 4-бет/.

Ғалымдар Ә.Төлеубаев, Ж. Қасымбаев, М. Қойгелдиев, Е. Қалиева, Т. Далаевалар былай деп жазады: "Сақтар қоғамының ең төменгі буынан отбасы құрады. Сақтарда үлкен патриархалдық отбасы болды. Үлкен патриархалдық

отбасы дегеніміз - кемінде үш ұрпақтан (әке, бала, немере) тұратын, әкенің билігіне қараған отбасы. Әдетте, мұндай үлкен отбасында әкесімен мал-жаны, шаруашылығы ортақ үйленген ұлдары отбасыларымен бірге тұрады.

Осындай үлкен патриархалдық отбасылардың жақын туыстары (*отбасының немере, шөбере, шөпшек туыстары*) аталық қауымның негізі болған. Бұл, былайша айтқанда, бір ата балалары. Бұдан үлкен әлеуметтік-қоғамдық ұйым-ру шығады. Рулар өзара алыс, жақын болып бөлінген. Бірнеше рулардан тайпа, олардың қосындысынан тайпалық одақтар құрылған..."-деп жазды /*Ә.Төлеубаев, Ж. Қасымбаев, М. Қойгелдиев, Е. Қалиева, Т. Далаева, "Қазақстан тарихы", Алматы, "Мектеп" баспасы, 2014-жыл, 71-бет/.*

Сақтар қоғамында мүлік теңсіздігі айқын көрініс табады. Оған дәлел-жерлеу орындарының әртүрлілігі. Сақтар қоғамы қалдырған мола-обаларды өзінің әлеуметтік жіктелісі жағынан үш түрге бөлуге болады:

1. Жер бетіне зәулім құрылыс (*оба*) салып, өлген адаммен бірге алтын, т.б. бағалы заттар, көп жылқыны бірге көмген ескерткіштер. Бұларды, әдетте, "патша", не болмаса, "аксүйектер" зираты дейді. Әдетте, бұндай обалардың биіктігі 3-10 метр, көлденеңі (диаметрі) 30-100 метрге дейін болады.

2. Көлемі жағынан орташа-қалыпты ғана оба салып, адаммен бірге жұпыны ғана-күнделікті пайдаланған заттарының кейбірін (*пышақ, қанжар, садақ жебесі, т.б.*) жанына қойған оба-зираттар. Олардың әдеттегі биіктігі жарты метрден 2-2,5 метрге, ені 10-20 метрге дейін болады. Бұлар сақ қоғамының орта ортадан жоғарылау әлеуметтік тобы.

3. Жер бетінен болар-болмас қана көтеріліп салынған, көлемі 5-8 метр, адаммен бірге қойылған заты жоқ обашықтар. Бұлар сақтардың кедей топтарының моласы.

Сақтар қоғамы әлеуметтік және өндірістік шаруашылық жағынан белгілі бір тәртіппен, ғұрыптық заңдармен реттеліп отырды. Бұл қоғамды әр деңгейде ру, тайпа көсемдері, батыр-қолбасшылар, елбасылар басқарды. Сақтармен мәдени-тектес скифтер ел басқарушыларын "басилей", "басилев" деп атаған.

Жалпы, бүгінде сақтардың қоғамдық-экономикалық даму деңгейін көп ғалымдар "рулық-қауымдық құрылыс" деп бағалайды. Біздіңше, сақтар қоғамындағы ішкі бірлікте тұтастықта рулық-туыстық принциптер маңызды рөл атқарғанымен, қоғамдық өмірді реттейтін ғұрыптық мемлекеттік заңдары да болды. Есіктен, Шіліктіден табылған "алтын адамдар" сақ елінің "елбасылары" екені шүбә тудырмайды.

Сақ-скиф тарихын зерттеуші ғалымдар зәулім, архитектуралық құрылымы өте күрделі, жерлеу ғұрпы өте бай патша обаларын салған тайпаларда мемлекеттілік болғанын мойындайды..."-деп жазды /*Ә.Төлеубаев,*

Ж. Қасымбаев, М. Қойгелдиев, Е. Қалиева, Т. Далаева, "Қазақстан тарихы", Алматы, "Мектеп" баспасы, 2014-жыл, 71-72-беттер/.

"Скифтердің шығуы туралы аңызды Геродот былай баяндайды: "Скифтердің жері өте кең еді, сондықтан ол елді әр ұлына тиісті қылып үш патшалыққа бөлді. Үш патшалықтың біреуіне жерді қалған екеуінен көп артық қылып берді". Скифтер жұрты үш патшалыққа бөлінгендігі, олардың әрқайсысын базилей /*бас елі, елбасы*/ басқарғандығы тарихи шындық. Мысалы, Дариймен соғысқанда скифтердің әр патшалығы өз базилейі басқарған әскер шығарған. Жалпы елді осындай үш бөлікке бөлу, үш бөліктің біреуіне басымдылық беру көне түркілерге мұра болып, кейіннен қазақ елінде жалғасқан.

Скифтерде ел басқарушы- патша тек "патшалық рудан" ғана сайланған. Кейінгі орта ғасырлардағы қазақтарды ханды, кейіннен аға сұлтандарды тек төрелерден /Шыңғыс тұқымынан/ сайлау салты сонау сақ-скифтерден бастау алатын ғұрып болса керек" - деп жазды /Ә.Төлеубаев, Ж. Қасымбаев, М. Қойгелдиев, Е. Қалиева, Т. Далаева, "Қазақстан тарихы", Алматы, "Мектеп" баспасы, 2014-жыл, 72-73 беттер/.

Тарихшылар ертедегі мемлекеттік бірлестіктер туралы былай деп жазады: "Ерте мемлекеттік бірлестіктер мен түркі кезеңіне байланысты, әсіресе қытай деректері мол мәлімет береді. Бұл деректер бойынша қазақ мемлекеттілігінің қайнар көздері: сақтар, ғұндар, үйсіндер, қандылар. Бұл туралы ежелгі қытай деректерінде **"түркілер ғұндардың бір тармағы... Арғы аталары ғұндардың солтүстігіндегі Сақ елінен шықты... Күмбез пішінді киіз үйде тұрады..."** делінген..." /Ә.Төлеубаев, Ж. Қасымбаев, М. Қойгелдиев, Е. Қалиева, Т. Далаева, "Қазақстан тарихы", Алматы, "Мектеп" баспасы, 2014-жыл/.

Ал, түркілер туралы, олардың шыққан ата-тегі туралы қытай деректерінде былай деп жазылған: **"Түркілер ғұндардың бір тармағы... Арғы аталары ғұндардың солтүстігіндегі Сақ елінен шықты... Күмбез пішінді киіз үйде тұрады..."** (Ежелгі қытай деректерінен).

Қазақтың жоқтау жыры өте көне дәуірден бері қалыптасқан ұлттық дәстүріміз. Бұл дәстүр ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Молақсай жыраудың Аланқайды жоқтап айтқан жоқтау жыры көне дәуірден осы заманға жеткен, шамамен б.з.д. VII-II ғасырларда өмір сүрген Тұран елінің даңқты патшасы, батыры, дарынды қолбасшы Алып Ер Тұңға - Алрасияп қайтыс болғанда шығарылған "Алып Ер Тұңғаны жоқтау" деп аталатын жырды еске түсіреді:

Алып Ер Тұңға өлді ме?
Опасыз дүние қалды ма?

Заман өшін алды ма?
Енді жүрек жыртылар...

Бектер атын болдырып,
Қайғы оларды солдырып,
Меңді жүзі сарғайып,
Запыран рең сүртілер.

Бөрідей жұрт ұлысып,
Айғаймен жаға жыртысып,
Өкірген үнін өшіртіп,
Жылаған көзден жас өрер.

Көңілім ішті жандырды,
Жазылған жара жаңғырды.
Кешкен күндер көзге ұрды,
Күн-түн демей ізделер.

Тағдыр кезін келтірді,
Ұры тұзағын ілдірді.
Бектердің бегін ап кетті,
Қашса қалай құтылар?

Тағдырдың күнін тербетер,
Пенденің күшін меңдетер.
Пәниді жұрттан тазартар,
Қашсаң тағы артылар.

Тербетер салты мұндай-ақ,
Бұдан да басқа сыр көп-ақ.
Заман атса кезеп-ақ,
Таулардың басы күйрелер.

Оғын атса дәл кезеп,
Кім токтатар көлбеу кеп.

Тауды атса көздеп кеп,
Шын шатқалы қақырар.

Замана түгел күйреді,
Білімді, жақсы сиреді.
Жаман-жәутік түптеді,
Ізгі бектер шертілер.

Білімді батыр жүнжіді,
Замана аты жаншыды.

Ізгілер тәні жидіді,

Жерге тиіп сүртілер... /Алма Қыраубаевадан, "Ежелгі

әдебиет", 5-томдық шығармалар жинағы/.

Біз Өзбекстандағы, Қарақалпақстандағы, Түркіменстандағы, Қырғызстандағы қазақ түркілерінің ауыз әдебиетінен ежелгі Сақ дәуіріне, Ғұн дәуіріне, Үйсін, Қаңлы дәуірлеріне жататын қазақ түркілерінің мол ауыз әдебиеті жәдігерліктерін жинадық. "Алтын", "Бірлік бар жерде береке бар", "Анар мен Мұнар", "Шырақ батырдың түсі", "Заринаның қырық қызы", "Сақ қызы Күнсұлудың хикаясы", "Қобыз үні", "Күнбатыр мен Айсұлу", "Бүркіт болып ұшатын қобыз" т.б.

Қазақ әдебиеті тарихының бастау көзі ауыз әдебиетінде екені белгілі. Қазақ халқының ауыз әдебиеті өте бай. Тасқа қашап жазылған әдеби жәдігерліктерге дейін ауыз әдебиеті халқымыздың рухани мұрасы болғаны рас. Бабаларымыз балалар мен жасөспірімдерді рухани жақтан тәрбиелеуге көңіл бөлген. Елді сырт ел басқыншыларынан қорғауға баулыған. Оған балаларға арналған ауыз әдебиеті үлгілері мен балаларға арналған әскери ойындар дәлел.

"Алтын" деп аталатын әңгіменің балаларға берер тағылымдық тәрбиесі зор. Әңгіме мәтіні мынадай: "Бір күні бала Тарғытай өзі ауыл шетіне шығып кетіп, қашқан киікті қуа жөнеледі. Жусанды даланының үстімен зулап келе жатқан Тарғытай жол шетіндегі сексеуіл түбінде жалт – жұлт етіп жатқан бір нәрсені көзі шалады. Бала Тарғытай тоқтай қалып: «Бұл не нәрсе?» деп сексеуіл түбіне жақындап барып үңілсе, алтын екен.

Бала Тарғытай алтынды қоржынына салады да жер тарпып тұрған ала шұбар тұлпарына қарғып мініп, Қаратаудың бөктеріне орналасқан сыңсыған қалың еліне шаба жөнеледі.

- Мен алтын таптым, анашым, - дейді ол киіз үйдің көлеңкесінде өрмек тоқып отырған анасына білектей алтынды беріп жатып.

- Айналайын, батырым... Алтынды қай жерден тауып алдың? – дейді анасы күлімсіреп орнынан тұрып.

- Киік қуып келе жатыр едім, жол шетіндегі сексеуілдің түбінде жалт – жұлт етіп жатқан бір нәрсеге көзім түсті. Тоқтай қалып жақындап келсем алтын екен.

Анасы:

- Жарықтық, жануарым – ай, басына өлім қаупі туған соң киік сені осы алтыңға жетелеп әкелген екен ғой, - дейді анасы күрсініп. Сонан соң анасы Тарғытайдың қоржынына алтынды қайта салады да:

- Балам, алтынды қай жерден тауып алсаң, сол жерге апарып қой. Алтын жер бетінде жатыр. Демек, бұл алтынның иесі бар. Ол алыстап кеткен жоқ. Осы маңда жүр. Сонан соң бұл алтынды сен қуған киік көрген. Сенің сұр жебеңнен құтылып кетейін деп сенің назарыңды осы алтыңға аударған. Сөйтіп өзі құтылып кеткен... Алтынды жоғалтқан жолаушы болуы мүмкін. Ол алтынын іздеп келеді. Егер алтын жер астында жатып, оны сен қазып алған болсаң – сенікі болар еді.

Тарғытай жүйрік тұлпарына қарғып мініп ауыл шетіне қарай шаба жөнеледі. Алтынды тауып алған жол шетіне жақындап келсе сол маңда ат жетектеген бір адамды көреді. Ол Тарғытайды көріп жыламсырап: «Балам, осы жерде, мына сексеуілдің көлеңкесінде қымыз ішіп аз ғана уақыт ұйықтап алып едім. Демалып болып атыма мініп жолға шықтым. Ауылдың сыртына барған соң «Қоржындағы алтыным бар ма екен?...» деп қарасам, алтыным жоқ. Деруу қымыз ішіп демалған жеріме келдім. Келіп сексеуіл түбіне үңілсем алтыным жоқ...» - дейді.

Тарғытай: «Міне алтының, мә, ал...» деп білектей алтынды жолаушыға ұсынғанда жолаушы қуанғанынан көзіне жас алып:

- Бұл алтын менің алтыным емес еді. Қожайынымның біреуге апарып бер деген аманаты еді. Егер алтынды жоғалтып алсам мені өлім жазасымен жазалайтын еді. Әйелім, төрт ұл – қызым бар еді... - дейді Тарғытайға алғысын айтып. Сонан соң: «Мына жалғыз атымды саған бердім, ал...»- дейді. Тарғытай: «Сенің атың керек емес, алтынды тезірек жеткізіп, бала – шағаңа қосыла ғой...» дейді.

Тарғытай анасына келіп мән – жайды баяндайды. Жолдан тауып алған алтынды иесіне тапсырғанын айтады. Сонда анасы:

- Міне, балам, көрдің бе? Біз алтынды алғанда жазықсыз пенденің обалына қалатын едік. Қарғысқа душар болар едік. Адам өмірге келген соң жазықсыз жандарға жәбір көрстпеуі керек. Мүмкіндігінше жақсылық жасап, алғыс алған жөн, - деп баласына ақылын айтады.

Сонда Тарғытай:

- Апа, жазықсыз пендені өлімнен аман алып қалған мен емес, Сіз, - депті.

Сонда анасы: «Ақылыңнан айналдым, құлыным...» - деп Тарғытайдың маңдайынан сүйінті дейді... ».

Әңгіме баланы адалдыққа, еңбекке тәрбиелейді. Бала тәрбиесінде ананың рөлі үлкен. Ел аузынан алынған бұл әңгіме сақ дәуірінде өмір сүрген Тарғытай батырдың балалық шағынан дерек береді. Жоғалған алтынын қайта тауып алған жолаушы бала Тарғытайға астындағы атын бермек болады. Бірақ Тарғытай жолаушының атын алмай, ана өсиетін бұлжытпай орындайды.

Қазақ халқының тарихы мен қазақ әдебиеттану ғылымы үнемі өсіп-өркендеу үстінде. Қазақтың ауызша тарихы мен қазақтың ауыз әдебиеті өте бай. Біз рухани мұрамызды зерделеп, екшеп, өзіміздің ұлттық құндылықтарымызды өлемге танытуымыз қажет.

Академик С. Қалиұлы мен тәлімгер-ғалым К. Аюбай қазақтың тәлімдік ойлар тарихын ежелгі сақ дәуіріндегі Алып Ер Тоңадан, тіпті Заратуштрадан бастауды ұсынады. Ғалымдар қазақ ұлтының тарихын кемінде екі жарым мың жыл болған деген ғылыми тұжырымдар жасайды: "Қазақстан тарихын үш мың жылдың жылнамасы ретінде қарастырған петерборлық ғалымдар С. Кляшторныймен өзіміздің қандасымыз Т. Сұлтановтың кітаптарында да осы ой айтылады. Қытайдың белгілі тарихшысы Су Бей-хай еңбектерінде де қазақ халқының тарихына кемінде 2,5 мың жыл болған дейді. Олай болса, қазақ мәдениетінің тарихы кейбір тарихшылар баяндап жүргендей XIV-XV ғ.ғ Керей, Жәнібек хандар билік құрған кезден басталмайды, біздің дәуірімізден бұрынғы VIII-VII ғ.ғ басталатын үш мың жылдық көне тарихы бар ел екенімізді дәлелдейтін тарихи фактілер жеткілікті екен.

Осы мәліметтерге сүйене отырып біз қазақтың тәлімдік ойлар тарихын Ежелгі сақ дәуіріндегі Алып Ер Тоңадан, Заратуштрадан бастауды жөн көрдік..." /"Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы", онтомдық, /3-том: Көне жазба мұралар тағылымы /б.з.б. 1-мыңжылдық-ХУ г. соңы/ Құраст.: Қашев С. Қ., Аюбай К.,Қ.-Алматы, 2007. 5-бет/.

Бұл ғылыми тұжырымдар негізсіз айтылып отырған жоқ. Ендігі міндетіміз - тарихымыз бен әдебиетіміздің бастау көзін ежелгі Заратуштрадан, сақтар мен ғұдардан бастап, рухани мұрамыздың олқы тұстарын толықтыруымыз қажет.

Ал қазақтың жазба әдебиеті күміс тостағандағы жазудан басталады: *"Аға саған (бұл) ошақ! Ботен (жат ел адамы), тізеңді бүк! Халықта азық-түлік (мол болғай)..."*

Осы сақ дәуірінде өмір сүрген қазақтың әйгілі философтары Анарыс пен Тоқсарының афоризмдері де қазақтың жазба әдебиетіне жататын жөдігерліктер екені айқындалып отыр. Осы тұрғыдан қарағанда ежелгі сақ дәуірінде пайда

болып, қалыптасқан қазақтың жазба әдебиетін қазақтың жазба әдебиетінің бастау көзі деп бағалауға болады.

Мендібай Әбілұлы,
филология ғылымдарының кандидаты, аймақтық
менеджмент академиясының профессоры, Қазақстан
журналистер одағының мүшесі.

БІРІНШІ ТАРАУ
**САҚ ДӘУІРІНДЕГІ
ҚАЗАҚ АУЫЗ
ӘДЕБИЕТІ**

АЛТЫН

Бір күні бала Тарғытай өзі ауыл шетіне шығып кетіп, қашқан киікті қуа жөнеледі. Жусанды даланының үстімен зулап келе жатқан Тарғытай жол шетіндегі сексеуіл түбінде жалт – жүлт етіп жатқан бір нәрсені көзі шалады. Бала Тарғытай тоқтай қалып: «Бұл не нәрсе?» деп сексеуіл түбіне жақындап барып үңілсе, алтын екен.

Бала Тарғытай алтынды қоржынына салады да жер тарпып тұрған ала шұбар тұлпарына қарғып мініп, Қаратаудың бөктеріне орналасқан сынсыған қалың еліне шаба жөнеледі.

- Мен алтын таптым, аңашым, - дейді ол киіз үйдің көлеңкесінде өрмек тоқып отырған анасына білектей алтынды беріп жатып.

- Айналайын, батырым... Алтынды қай жерден тауып алдың? – дейді анасы күлімсіреп орнынан тұрып.

- Киік қуып келе жатыр едім, жол шетіндегі сексеуілдің түбінде жалт – жүлт етіп жатқан бір нәрсеге көзім түсті. Тоқтай қалып жақындап келсем алтын екен.

Анасы:

- Жарықтық, жануарым – ай, басына өлім қауіп туған соң киік сені осы алтынға жетелеп әкелген екен ғой, - дейді анасы күрсініп. Сонан соң анасы Тарғытайдың қоржынына алтынды қайта салады да:

- Балам, алтынды қай жерден тауып алсаң, сол жерге апарып қой. Алтын жер бетінде жатыр. Демек, бұл алтынның иесі бар. Ол алыстап кеткен жоқ. Осы маңда жүр. Сонан соң бұл алтынды сен қуған киік көрген. Сенің сұр жебеңнен құтылып кетейін деп сенің назарыңды осы алтынға аударған. Сөйтіп өзі құтылып кеткен... Алтынды жоғалтқан жолаушы болуы мүмкін. Ол алтынын іздеп келеді. Егер алтын жер астында жатып, оны сен қазып алған болсаң – сенікі болар еді.

Тарғытай жүйрік тұлпарына қарғып мініп ауыл шетіне қарай шаба жөнеледі. Алтынды тауып алған жол шетіне жақындап келсе сол маңда ат жетектеген бір адамды көреді. Ол Тарғытайды көріп жыламсырап: «Балам, осы жерде, мына сексеуілдің көлеңкесінде қымыз ішіп аз ғана уақыт ұйықтап алып едім. Демалып болып атыма мініп жолға шықтым. Ауылдың сыртына барған соң «Қоржындағы алтыным бар ма екен?...» деп қарасам, алтыным жоқ. Дереву қымыз ішіп демалған жеріме келдім. Келіп сексеуіл түбіне үңілсем алтыным жоқ...» - дейді.

Тарғытай: «Міне алтының, мә, ал...» деп білектей алтынды жолаушыға ұсынғанда жолаушы қуанғанынан көзіне жас алып:

- Бұл алтын менің алтыным емес еді. Қожайымының біреуге апарып бер деген аманаты еді. Егер алтынды жоғалтып алсам мені өлім жазасымен

жазалайтын еді. Әйелім, төрт ұл – қызым бар еді... – дейді Тарғытайға алғысын айтып. Сонан соң: «Мына жалғыз атымды саған бердім, ал...» дейді. Тарғытай: «Сенің атың керек емес, алтынды тезірек жеткізіп, бала – шағаңа қосыла ғой...» дейді.

Тарғытай анасына келіп мән – жайды баяндайды. Жолдан тауып алған алтынды иесіне тапсырғанын айтады. Сонда анасы:

- Міне, балам, көрдің бе? Біз алтынды алғанда жазықсыз пенденің обалына қалатын едік. Қарғысқа душар болар едік. Адам өмірге келген соң жазықсыз жандарға жәбір көрстпеуі керек. Мүмкіндігінше жақсылық жасап, алғыс алған жөн, - деп баласына ақылын айтады.

Сонда Тарғытай:

- Апа, жазықсыз пендені өлімнен аман алып қалған мен емес, Сіз, - депті.

Сонда анасы: «Ақылыңнан айналдым, құлыным...» - деп Тарғытайдың маңдайынан сүйіпті дейді...

БІРЛІК БАР ЖЕРДЕ БЕРЕКЕ БАР

Тарғытайдың он алты жасында елін сыртқы жаулардан қорғап батыр атанған кезі екен. Тарғытай батырдың әскерлері мен көрші тайпаның әскерлері екі тайпаның жерінің арасындағы кішкене көлге таласып, жанжалдасады. Жанжалдың соңы өршіп екі жақтың әскерлерінің арасында қарулы қақтығыс болып, бірнеше әскер құрбан болады. Қақтығыс кезінде көрші тайпаның әскерлерінің батыры қолға түсіп, тұтқындалады. Тарғытай: «Біз көрші тұрамыз. Арғы тегіміз жақын туысқан халықпыз. Біз бір – бірімізбен тату – тәтті өмір сүруіміз қажет. Сыртқы жауларға бірігіп соққы беруіміз қажет. Береке – бірліктің шырқын бұзған сендерсіңдер. Сол үшін сені өлім жазасына кесемін...» - дейді тұтқынға. Мұны есіткен Тарғытайдың анасы баласын шақыртады.

- Келдім, апа, мені шақыртыпсыз, - дейді Тарғытай көлеңкеде өрмек тоқып отырған анасына.

- Балам, қолға түскен көрші тайпаның батырын өлім жазасына кесіпсің. Мұның үлкен қателік. Біз көршімізбен араз болсақ сыртқы жауымыз қуанады. Біз бірімізбен – біріміз жауласатын болсақ сыртқы жауымыз бізге қарсы соғыс жариялайды. Бірлік бар жерде, береке бар. Қолға түскен батырды босат, - дейді анасы.

Тарғытай анасының өсиетін тындап, батырды өлім жазасымен жазалаудан бас тартады. Анасы елдің басшысына барып екі тайпаның арасындағы кішкене көлді екі тайпаға бөліп бергізеді.

Арадан көп уақыт өтпей парсы патшасын түлен түртіп, сақтарға шабуыл жасайды. Тарғытай батырдың әскерлері жер қайысқан қалың жауға кедергі келтіре алмай кейін шегінгенде, көрші тайпаның тұтқынға түскен батыры көп

әскерімен көмекке келеді. Кескілескен шайқас болып, парсы әскері кейін шегінеді.

Тарғытай батырдың анасы Айданақтың ақылдылығының арқасында сақ халқы бір соғыс апатынан осылай аман қалыпты дейді...

АНАР МЕН МҰНАР

Сонау-у-у ерте, ертеде, сынсыған сақ елінде Анар мен Мұнар атты екі ақылды бала болыпты. Анар батыр бала болып өсіпті. Бес жасында атқа секіріп мініп, шаба жөнеледі екен. Астындағы Көктөбел аты жер апшысын қуырып жүйтікпенде тұлпарда екі канат пайда болып, жер бетінде алып құс болып ұшады екен. Жер бетінде ұшып келе жатқан Көктөбел атты көргенде жаулары тығыларға жер таппай қалады екен. Ал Мұнар өнерлі бала болыпты. Домбыра тартып, елдің рухани өмірін жандандырыпты. Қариялардан есіткен өсиет сөздерін тасқа қашап жазады екен.

Бір күні Мұнар кішкене үш баланы ізіне ертіп тастарға қашап жазылған өсиет сөздерді оқу үшін тауға қарай бет алады. Ауыл балалары өсиет сөздерді, батырлық дастандарды, сақ халқының тарихы мен шежірелері жазылған тас кітаптарды тауға барып оқып қайтатын. Кейбір тастарда әр түрлі аңдардың – таутекенің, арқардың, қасқыр мен жылқының суреттері қашап салынатын. Кейбір шежірелер мен өсиет сөздер, жырлар, жазылған тастарды арбаға салып ауыл ортасына әкеліп қоятын.

Мұнар үш баланы ертіп тауға жақындағанда түйеқұс мінген екі адамды көреді. Олардың қолдарында балталары бар. Өсиет сөздер жазылған тас кітаптардың бірін қолындағы балтамен қашап, жазуларды өшіріп жатқан екен. «Не істеп жатсыңдар?», - деп айқайлайды Мұнар. «Тасқа қашап жазылған сөздерді өшіріп жатырмыз», - дейді біреуі. Мұнар ашуланып: «Қане, тез кетіңдер, тасқа қашап жазылған кітаптытарды өшіруге кім рұқсат берді?», - деді. Сонда әлгі екі адамның біреуі: «Бізге осылай тапсырма берілді. Тас кітаптардағы жазуларды өшіру арқылы сақтардың білімге деген құштарлығын тоқтатуымыз керек...»

Мұны есіткен Мұнар тастағы жазуларды өшіріп жатқан екі адамға шабуыл жасады. Қолындағы қашағыпты пайдаланып, екі адамның біріншісін бас салғанда түйеқұс Мұнардың желкесінен тістеп лақтырып жібереді. Түйеқұс Мұнардың жанындағы екі баланы да тістеп он қадам жерге лақтырады. Мұнар өзінің жанына түскен қара домбырасын алып дыңғырлатып күй тартқанда досы Анар ұшатын Көктөбел атымен жетіп келеді. Көктөбел ат түйеқұсты теуіп, мойнын жұлып түсіреді. Мұны көрген екі адам тауды бетке алып қаша жөнеледі. Анар ұстап алып екеуінің қол-аяғын байлап зынданға тастайды: «Ата-балаларымыз жазып қалдырған өсиет сөздерімізді құрту үшін келген

адамдарымыз біздің жауларымыз. Сендер енді теріс қылықтарың үшін азап көресіңдер!»-дейді. Олар зынданда аштан өледі...

ШЫРАҚ БАТЫРДЫҢ ТҮСІ

Сақ батыры Шырақ бір күні түс көреді. Түсінде сақ еліне жер қайыстырған жабайы пілдер жақындап келеді екен. Пілдер жолындағыны жайпап, жойқын күшпен сақ еліне жақындап келіп қалады. Жабайы пілдер елге келіп жолындағыны қиратып, сақтардың көшпелі киіз үйлерін табандарымен таптап, балалар мен қарттарды аяусыз езгілей бастайды. Осы кезде Шырақ шошып оянады. Ол дереу сақ елін билеуші Тұрар патшаға көрген түсін баян қылады.

- Түсің жаман түс екен, - дейді Тұрар патша Шыраққа. - Дарий патша елімізге соғыс ашуы мүмкін...

- Не істейміз?-дейді Шырақ.

- Бір айла ойлап табуымыз қажет, - дейді Тұрар патша. - Әйтпесе елдіктен айрыламыз, ұлдарымыз күл, қыздарымыз күң болады.

- Мен таптым айланы, - дейді Шырақ. - Елімізге кіре берісте кең жазық дала бар, сол далаға терең апан қазамыз, апанның бетін жіңішке ағаштармен бастырып қоямыз. Екпінмен келген жау әскерлері апанға келіп құлай бастайды. Сол сәтті қалт жібермейміз де, шабуылға шығамыз...

Тұрар патша Шырақ батырдың бұл айласына келіседі. Қалың сақ елі ұзындығы отыз шақырым ор қаза бастайды. Орды түнде ғана қазады. Ешқандай от жағылмайды. Жерден шыққан топырақ арбамен алысқа тасылады. Сегіз күнде отыз шақырымға қазылған ордың бетін жіңішке шыбықшалармен жауып, үстін қоғамен жабады да, топырақ салып, топырақтың бетін тырмалап тастайды. Мұндай әдісті Дарий патша сезбейді.

Дарийдың елу мың әскері ең даланы дүбірлетіп сақ еліне жақындап келе жатады. Шырақ бастаған жиырма мың сақ әскерлері елу мыңдық Дарий әскерінің алдынан шығып тұрады. Екі жақтың әскер саны тең емес еді. Тұрар патшаның әскерінен екі жарым мың есе көп Дарийдың әскерлері жеңіске сенімді еді. Тұрар патшаның әскерлері қазылған орға жақындап келіп ұрысқа кірісіп кететіндей кернейлетіп тұрады да, Дарийдың әскерінен қорыққан құсап кейін қарай шегініп қаша жөнеледі. Дарийдың қалың әскерлері екпіндетіп тұра қашқан сақ әскерлерінің ізіне түсіп, ең даланы дүбірлетіп, қуа жөнеледі. Қикуласып келе жатқан Дарий әскерлері кенет топырлап орға құлай бастайды. Дарий әскерлері алдағандарын біледі, бірақ өте кеш еді. Сақ әскерлері кенет кейін бұрылып орға топырлап құлап жатқан Дарий әскерлеріне шабуыл жасайды. Дарий әскерлері жеңілгенін сезеді де кейін қарай шегінеді. Сақтар жебелерді қардай боратып, басқыншылардың ізіне түседі. Осы соғыста Дарий отыз мыңдай әскерінен айырылып, сақтардан жеңіліске ұшырайды...

ЗАРИНАНЫҢ ҚЫРЫҚ ҚЫЗЫ

Зарина патшалық құрған кезде қырық қыздан тұратын әскер жасақтайды. Қырық қыз ерлерше киінетін болған. Үстеріне сауыт, бастарына дулыға, аяқтарына етік киіп, Зарина патшайымды қорғап жүретін болған. Қырық қыздан құрылған атты әскер кез келген уақытта Зарина патшайымды қауіп-қатерден, пөле-мөтерден сақтап қалуға тиісті болатын.

Бір күні Зарина патшайымды қорғап жүретін қырық қыздың бірі Арнагүл жау тыңшысының қолына түсіп қалады. Отыз тоғыз қыз Арнагүлді іздеп, тауға да шығады, тоғайлар мен ормандарды іздейді. Жау тыңшылары Арнагүлді тұтқындап, қол-аяғын байлап, ауызына шүберек тығып патшасына алып барады.

Зарина патшайым Арнагүлдің жау қолына түскенін сезеді де, оны дереу құтқаруға кіріседі. Жау тылына он екі жасар Тұрханды тыңшы етіп жібереді. Тұрхан қолайлы сәтті тауып тар қапаста қамалып жатқан Арнагүлді көреді. Онын жау қолында екенін көрген Тұрхан түнде тау ішімен жасырынып Зарина патшайымға жетеді. Заринаға Арнагүлді көргенін айтады. Зарина патшайым Тұрханға: «Сен қыздың киімін киіп, Арнагүлге бар, ебін тауып оны босат та, орнына өзің отыр...» - дейді. Тұрхан қыздарша киініп алады, басына тымақ киіп бөксесіне түсетін қолдан жасалған ұзын шашын көрсетіп, киінеді де, Арнагүл жатқан тар қапасақ барып, түн ішінде ешкімге көрінбей құлышты бұзып ішке енеді де, Арнагүлді босатып, оның орнына өзі отырады...

САҚ ҚЫЗЫ КҮНСҰЛУДЫҢ ХИКАЯСЫ

Сақ қызы Күнсұлу он жасында қару асынып, атқа мініп, жорықтарға қатысады. Соғыс өнерін жетік меңгерген Күнсұлу он екі жасында жүз қызға қолбасшылық етеді. Сақ патшасы Күнсұлудың жүз қызын ерекше тапсырмаларды орындауға жібереді екен.

Бір күні Күнсұлу өзінің жүз қызымен ерекше тапсырмаларды орындап жүріп парсы әскерінің екі мындық қолына тап болып, шайқасқа түседі. Күш тең болмаған соң Күнсұлу қыздарға шегіне жүріп соғысуға бұйрық береді. Парсы әскерінің біразы оққа ұшып өледі. Бірақ күш тең болмаған соң жүз қыз қолбасшысы Күнсұлумен қолға түседі. Парсы билеушісі: «Жүз қыз қолбасшысы Күнсұлумен өлтірілсін...» - деген бұйрық береді. Парсы патшасының ортаншы ұлы Күнсұлудың ақылы мен көркіне қызығып: «Әке, Күнсұлуды өлтірмеңіз, ол сіздің келінің болсын, мен әйелдікке алайын...» - дейді.

Парсы патшасы ортаншы ұлының өтінішін орындайтын сыңай танытады. Сонда Күнсұлу бірнеше жылдан бері екі елдің арасындағы соғыстың ауыр зардаптар әкелетінін, жүз қыздың аман-есендігін ойлап, парсы патшасының

ортаншы баласына: «Менің бір талабым бар, соны орындасаң мен сенің әйелің боламын...» - дейді. Парсы патшасының ортаншы ұлы: «Ол қандай талап? Сен қандай талап қойсаң да орындаймын!» - дейді. Сонда Күнсұлу: «Менің жүз қызымды тұтқыннан босатып, өз еліме қайтарыңыз...» - дейді. Парсы патшасы Күнсұлудың өтінішін орындап, жүз қызды тұтқыннан босатады. Сақтың батыр қызы Күнсұлуды өзіне келін етіп алады. Содан кейін сақтар мен парсылардың арасындағы соғыс жүз жылға дейін тоқтаған екен...

ҚОБЫЗ ҮНІ

Сақ елінде сегіз жасар Ерғұлан атты қобызшы бала болыпты. Ол қобызбен күй тартып, жыр-толғау айтады екен. Ерғұланның қара қобызының үні күндіз жүз шақырымға, түнде мың шақырымға жетеді екен. Ерғұлан қобызбен күй тартқанда бүкіл сақ елі сілтідей тынып, қобыздан шыққан ғажайып үннен рухани ләззат алады екен. Қобыз үні оларға күш-қуат беріп, делебесін қоздыртып, ойларын сергітеді екен.

Сақ жауынгерлері жорыққа шықса Ерғұлан қобызын арқалап, қару-жарағын асынып, жер тарпып тұрған Қаражорғасына қарғып мінеді екен. Сақ жауынгерлері ұрысқа кірер алдында Ерғұлан «Ел» деп аталатын күйді орындайды екен. «Ел» күйі орындалғанда сақ жауынгерлерінің жауға деген өшпенділігі артып, қайраттана түседі екен. Тіпті күйді есіткен сақ жауынгерлерінің тұлпарлары да құлақтарын қайшылап, кісінесіп, жер тарпып аспанға секіреді екен. «Ел» күйі сақ жауынгерлерінің туған жерге деген ыстық ықыласын арттырып, алыс жерлерде әскери жорықтарда жүргенде елге деген сағынышын оятады екен. «Ел» күйі орындалғанда барлық сақ халқы, сақ жауынгерлері орындарынан тұрып, күйді ерекше ықыласпен тыңдайды екен.

Ерғұланның қара қобызы бүркіт болып ұшып, қабылан болып жортып жүреді екен.

Бір күні Ерғұлан қара қобызымен жау қолына түсіп қалады. Жау әскерлері Ерғұланның қобызшы екенін біліп, күй тарттырады. Қобыз сарнап қоя береді. Түнде тартылған қобыз үні өте алысқа кетеді. Қобыз үнін есіткен сақ жауынгерлері Ерғұланның тұтқынға түсіп, жау қолында отырғанын сезеді. Жау қолындағы Ерғұланды сақ жауынгерлері босатып алады...

БҮРКІТ БОЛЫП ҰШАТЫН ҚОБЫЗ

Сақ жауынгерлері жаулармен кезекті шайқасқа дайындалып жатқан екен. Жаудың күші- әскер саны, соғыс арбалары, қосалқы күштері сақтарға белгісіз болады. "Мен жау тылына қара қобызымды жіберемін,-дейді Ерғұлан.-Ол бүркіт болып ұшады..."

Сақ патшасы оған келісім береді.

Ерғұланның кара қобызы ертегіне бүркіт болып ұшып келеді де, Ерғұланның жанына қонады. Жаудың күші туралы мәлімет беріп, қобызға айналады. Сөйтіп сақ жауынгерлері қобыздың көмегімен жауға ойсырата соққы беріпті...

* * *

Бір күні түнде Ерғұлан киіз үйден сыртқа шығып, өзен жағалап серуендеп келе жатады. Кенет оған екі адам шабуыл жасап, ауызына шүберек тығып, қол-аяғын байлап өзеннен өткізіп, атқа өңгеріп алып кетеді. Бұлар жаудың шолғыншылары екен. Ерғұланды апанға апарып қамап қояды.

Ертегіне түн жарпында Ерғұланның қобызы бүркіт болып ұшып келеді. Ерғұланның жанына қонып, кара қобызға айналады. Ерғұлан күзетшіге: «Күй тартайын ба?» - дейді. Күзетші: «Күйді немен тартасың?» - деп сұрайды. «Күйді міне, мынау қобызбен тартамын...»-деп жауап береді Ерғұлан. Күзетші қылышын суырып алып қобызды кесіп тастамақ болып қобызға сілтегенде қобыз бүркітке айналады. Күзетшінің бетіне теуіп, екі көзін ойып түсіреді. Ерғұлан бүркітке мініп, сақ еліне аман-есен жетеді...

КҮН БАТЫР МЕН АЙ СҰЛУ

(Ертегі)

Ерте өткен заманда сөзі ыстық, мейірімді әрі батыр Күн деген жалын жігіт болыпты. Елге жау тигенде жауды жалынымен күйдіріп, қылышымен шауып тастапты. Ерлігі дүние бойлап кетіпті. Жау келе жатқанда ауылда "Күн батыр" бар деп алдынан шығып қала беріпті. Сонда "Күн" атына "батыр" деген атты қосып берген екен. Жігіт Күнге ешбір көрсеткен қыз ұнамапты. Ол: "Маған тек ғана мейірімді, асылды өзінің пайдасы үшін жүрген жәрдемгөй-жемқор жұбай емес, ел үшін жанын қиятын жан керек, сұлулығына жер бетіндегі бірде - бір ару тең келмейтін болсын. Жеті қабат жер астындағы қараңғы зынданға тастаса да әсемдігі қараңғылықты жарық етіп жіберсін, ойтпесе көрімдігіне бір жорға да бермеймін..." - деп бір күн жар шақырады. Ол бір ғана Ай сұлуды көрмепті.

Арадан бірнеше күн өткен соң Күн батыр Ай сұлуды көріп: "Мына сұлу Айды неге байқамағанмын? Мен осы Ай сұлуды жақсы көремін..." - деп, Ай сұлуды ұнатып, оған үкіленген үш ақ боз атпен жаушы жіберіпті. "Бұл ұнаса сол үкілі кілем жабылған алтынды ер-тұрманды үш ақ боз атты қызға серуен ету үшін беремін..." депті. Қыздың жеңгелері қыр қойнауының көкмайса жерін таңдап, жеті отау тігіп, алтыбақан орнатыпты. Бір жағында ақын қыздар домбыра шертіп, ән шырқап, көлге аққу жүздіріп, қырық түрлі тағам пісіріпті. Айсұлу көлге шомылып жұпар иісті өтір сеуіп, әсем киім киініпті. Жүз шақырым жерге Ай сұлудың сәулесі түсіпті. Күн батыр "Осы қыз ұнады..." -

деп жүз шақырым жол жүріп, кейін қайтыпты. Күнбатыр: "Жүрегім лүпілдеп кетті. Ертең бармасам, сұлулығынан жүрегім жарылады, талып қалам..." - депті.

Күнді Борангүл деген қыз ұнатып жүр екен. Ол Ай сұлуды Күн батырдан қызғанып, Ай сұлудың бетін тырнағымен жұлып алады. Ай сұлу Күн батырдан ұялып: "Е, Құдай - ай, мені Ай етіп ешкімге көрсетпей аспанға ұшырып жібер..." - деп жылапты. Сол кезде Ай сұлуды аққулар ортаға алып, аспанға ұшырып жіберіпті. Жиылғандар аң - таң боп, қол бұлғап қала беріпті. "Күйеу бала Күн батырға не дейміз?.." - деп беттерін шымшыпты. Үш ақ боз атқа қанат бітіп, кісінеп, аспанға көтеріліпті. Үш ақ боз ат Ай сұлуды кезек - кезек мінгізіп ұша беріпті.

Ертесіне Күн батыр қырық атты жігітпен келсе, отауда бәрі мұнайып отыр екен. Жеңелері болған оқиғаны бастан аяқ баяндап береді. Күн батырдың серіктері Ай сұлудың бетін жұлып алған Борангүлді өлтіру үшін шауып кетеді. Күн батыр да аспанға қарап: "Е, Құдай, мені де жамандарға таба етпей аспанға ұшырып әкет!.." - деп мінежат етіпті. Сол кезде астындағы қызылторы атқа қанат бітіп, аспанға көтеріледі. Қызылторы тұлпар мінген Күн батырды бір топ тырна ортаға алып, тырулап ән салып, билеп биікке самғай ұшыпты. Тұлпардың ер - тұрманы жарқылдап, кісінеген аузынан нұр шашырайды. Күн батыр жерде қол бұлғап қалған тілеулестеріне: "Ай сұлуды таппағанша, жер жүзінде өншен мейірімді пәк адамдар қалмағанша жер бетіне қайта оралмаймын..." - деп сөз береді.

Күн батырдың сәуле - нұрын алыстан көрген Ай сұлу бетінің дағынан ұялып: "Түн бол..." - депті. Сол кезде төңіректі қараңғылық жайлап, түн болады. Ай сұлу көрінбей қалады. Күн батыр: "Ай сұлуды таң атқан соң іздеймін..." - дейді. Екеуі де бос жүрмей бүкіл адамзат қауымына пайдамыз тиіп жүрсін деп, бірі күндіз, бірі түнде нұр шуағымен бүкіл адамзатқа қуаныш сыйлап жүреді.

Содан бері Күн батыр кешке дейін Ай сұлуды көруге аттанады. Күн батырдан ұялған Ай сұлу жасырынып қалып, ол өтіп кеткен соң Ай сұлу қараңғылықты жарық қылып шығады екен. Ал екеуі біріне бірі кезігіп қалса аспан әлемін қараңғылық басып, Күн батыр сәулесін шаша алмай тұтылып қалады екен.

Сол Күн батырымыз - Күн екен де, Ай сұлу аруымыз - Ай екен. Күн мен Айдың кезек - кезек шығатыны сол екен.

ЕКІНШІ ТАРАУ
**САҚ ДӘУІРІНДЕГІ
ҚАЗАҚТЫҢ ЖАЗБА
ӘДЕБИЕТІ**

ҚАЗАҚТЫҢ КӨНЕ ЖАЗБА ӘДЕБИЕТИ

КҮМІС ТОСТАҒАНДАҒЫ ЖАЗУ

Аға саған (бұл) ошақ! Бетен (жат ел адамы), тізенді бүк! Халықта азық-түлік (мол болғай).

* * *

АНАРЫСТЫҢ* АФОРИЗМДЕРІ

1. Көк аспанда күн күймесі қалай еркін қозғалса, сайын далада скиф кереуендері де солай еркін көшіп – қонады.
2. Түндігінен күн нұры төгіліп түскен қасиетті киіз үйге тастан немесе саз балшық пен ағаштан қаланған қапас кепелер қайдан жетсін!
3. Еркін адам дегеніміз – өз қалауымен, өз заңдарымен өмір сүретін адам.
4. Тіршілік гүлзарында бойынды балқытар ләззат сыйлайтын да, бақыттан бас айналдырар асқақтық зөріні төгетін де, жан түршіктірер жаманатқа жаралған да «өсімдіктер» кездеседі.
5. Тән – жанның, жан – жаратқанның аманаты.
6. Жақсылық та – тілден, жамандық та – тілден.
7. Теңізге шыққандар ажалдан өздері мінген кемеңіз қалыңдығындай ғана қашықтықта жүреді.
8. Ең қауіпсіз кеме – жағада тұрған кеме.
9. Сый – жеңгендікі, сөз – тергендікі.
10. Ашуланған адам алдымен өз басына жамандық тілеп алады.
11. Бақытты шаңырақ дегеніміз – жалтылдаған сәнді сарай емес, жан жарынның, жақын жораларың мен сүйкімді балаларыңның сынғырлаған күлкісі, ырысы мен ынтымағы.
12. Жолы болғыштардан күш асыру – қиынның қиыны.

13. Ымды түсінбеген дымды түсінбейді: Эзопқа берген жауабым – Диоклға жасаған ишарам.
14. Жалған сөз – желге ұшқан сөз.
15. Теңіздің дәмі тамшысынан білінеді.
16. Даланың заңдары тек достық пен бауырластыққа негізделген.
17. Ақы атасы – ақиқат.
18. Ең жақсы өкімет – ең жақсы азаматтар билік құрған өкімет.
19. Заң дегеніміз – өрмекшінің торы: әлсіздер тұтылып, әлділер құтылып кете береді.
20. Абыройды жақсы алатын, жамандық жолда қалатын, қалғаны тең жаратылатын жүйеге негізделген мемлекеттік басқару тәртібіне не жетсін, шіркін!
21. Үй дегеніміз – балташылар мен тас қалаушылардың еңбегінің ғана емес, үй ішінде тұрып жатқан адамдардың өзара қарым-қатынасының да жемісі.
22. Келген қонаққа достық көңіл, қонақжайлық пейіл таньғу – үй иесінің борышы.
23. Әлемде күннің нұрынан асқан ғажайып еш нәрсе жоқ.

АНАРЫСТЫҢ ХАТТАРЫНАН

"Афиналықтарға хатынан"

"Кісі кісіден сөйлеген сөзімен дараланбайды, сөзімен данқын да шығармайды. Бір тілде сөйлейтін эллиндердің де бір-бірінен айырмашылықтары бары секілді, кісі бір-бірінен ойымен ерекшеленеді. Спартиат аттика тілінде таза сөйлей білмейді, бірақ оның ісі қандай данқ пен мадаққа лайықты.

Сақтар істің мәнін жете түсіндірген сөздердің қандайын да **мансүк етпейді****. Ал дйттеген жеріне жетпеген, көздеген нысанасына дарымаған, ойды жеткізуге жарамсыз, мәнсіз лақпа сөзді мақтамайды. Егер сөз мағыналы айтылып, мағыналы іске асатын болса, онда ол жаман бола алмайды. Сақтар мағынасыз сөзді ғана бос сөз деп біледі".

"Медокке хатынан"

"Қызғаншақтық пен қорқақтық -оңбағандықтың басты көрінісі. Өйткені қызғаншақтық дос-жаран мен өзге жұрттың артықшылығын көре алмаудан туатын дертке ұласады, ал қорқыныш бос сөзден үміт күттіретін бейшаралыққа ұшыратады. Сақтар мұндай адамдарды ұнатпайды. Өзгенің артықшылығына сүйсініп, өзі де соған, сондай болуға ұмтылады. Ал қызғаныш, жек көру және басқа осындай оңбаған қылықтарды орталарынан жауды қуғандай айдап шығады".

"Патша баласына хатынан"

"Сенде флейта*** мен әмиян болса, менде- садақ пен жебе. Сондықтан, өзінен-өзі көрініп тұрғандай, сен-құлсың, ал мен-еріктімін. Сенде дұшпан көп, ал менде оның біреуі де жоқ. Егер күміс теңгелеріңді лақтырып тастап, садақ пен қорамсақ асынатын болсаң, сен де азат азамат боласың".

* Анарыс-ежелгі гректер арасында кеңінен танымал болған сақ даныппаны.

**Мансұқ етпейді - жокка шығармайды деген мағынада.

***Флейта-музыка аспабы.

ТОҚСАРЫНЫҢ АФОРИЗМДЕРІ

1. Достық туралы көп сөзден дос пейілді бір іс артық.
2. Адамдарды қаны ғана емес, жақсы істері де туыстырады.
3. Ерлігі бар елге жағар.
4. Даңқты адамдардың рухына бас иіп, тағзым ету соларға ұқсасам екен деген тілекті оятады.
- 5* Ерлік жасағанның атасын сұрап алаламас болар.
6. Скифтер үшін достыққа адал адамдарға құрмет көрсетуден асқан абырой жоқ.
7. Адамдардың көпшілігі жел оңынан тұрып, тымықта жүзіп келе жатқанда қасындағыларды «қызық – қуанышты тең бөліспедіндер» деп кінәлауға шебер келеді, ал сәл дауыл тұрса болды – оларды қашан көргенін ұмытып, жан сауғалауға көшеді.

8. Қиындықта қол бергеннен асқан берік достық жоқ.
9. Досын сатқан қосын сатқанмен бірдей.
10. Қызыл сөзге салыну – қызған отқа қарығу.
11. Құдалық та – достықтың дөнекері.
12. Босанарын біліп тұрып байлауға түскен – батылдыққа жатпайды.
13. Кемешінің өнері кеме жағада тұрғанда емес, теңізде дауыл тұрғанда танылады.
14. Дүниеде достық заңынан асқан заң жоқ.
15. Қанмен бекітілген достықты жаннан безген жаман бұзады.
16. Көзінді ойып берсең де, дос көңілін қалдырма.
17. Байлықтан артық достық бар, достықтан артық байлық жоқ.
18. Қызғанышта көз көп: біреуі-күдік.
19. Досыңның арына тигенің-өзіңнің арыңа тигенің.
20. Арсыздыққа бәс тіккеннен – ақ ажалға бас тіккен артық.
21. Өмір – самал, ажал – амал.
22. Табын – табын малыңмен емес, қатар – қатар қосыңмен емес – ақ адал досыңмен мақтан.

ТҮСІНІКТЕР:

"АЛТЫН"

К.Көкірекбаевтың "Ана жүрегі" атты кітабында, 2014-жылы Тараз қаласындағы "Формат-Принт" баспасынан жарық көрген профессор М. Әбілұлының "Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар әдебиеті" атты кітабында жарияланған. Осы мәтіні енгізілді.

"БІРЛІК БАР ЖЕРДЕ БЕРЕКЕ БАР"

2014-жылы Тараз қаласындағы "Формат-Принт" баспасынан жарық көрген профессор М. Әбілұлының "Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар әдебиеті" атты кітабында жарияланған. Осы мәтіні енгізілді.

"АНАР МЕН МҰНАР"

2014-жылы Тараз қаласындағы "Формат-Принт" баспасынан жарық көрген профессор М. Әбілұлының "Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар әдебиеті" атты кітабында жарияланған. Осы кітаптағы мәтін енгізілді.

"ШЫРАҚ БАТЫРДЫҢ ТҮСІ"

2014-жылы Тараз қаласындағы "Формат-Принт" баспасынан жарық көрген профессор М. Әбілұлының "Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар әдебиеті" атты кітабында жарияланған. Осы мәтін енгізілді.

"ЗАРИНАНЫҢ ҚЫРЫҚ ҚЫЗЫ"

2014-жылы Тараз қаласындағы "Формат-Принт" баспасынан жарық көрген профессор М. Әбілұлының "Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар әдебиеті" атты кітабында жарияланған. Осы мәтін енгізілді.

"САҚ ҚЫЗЫ КҮНСҮЛУДЫҢ ХИКАЯСЫ"

2014-жылы Тараз қаласындағы "Формат-Принт" баспасынан жарық көрген профессор М. Әбілұлының "Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар әдебиеті" атты кітабында жарияланған. Осы кітаптағы мәтін енгізілді.

"ҚОБЫЗ ҮНІ"

2014-жылы Тараз қаласындағы "Формат-Принт" баспасынан жарық көрген профессор М. Әбілұлының "Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар әдебиеті" атты кітабында жарияланған. Осы мәтін енгізілді.

"БҮРКІТ БОЛЫП ҰШАТЫН ҚОБЫЗ"

2014-жылы Тараз қаласындағы "Формат-Принт" баспасынан жарық көрген профессор М. Әбілұлының "Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар әдебиеті" атты кітабында жарияланған. Осы мәтін енгізілді.

"КҮН БАТЫР МЕН АЙ СҰЛУ"

Таскен қаласынан қазақ тілінде жарық көретін республикалық "Нұрлы жол" газетінің 1995-жылғы, 1-сәуірдегі, №9 санында жарияланған нұсқасы енгізілді. Ел аузынан жинаған Исмайыл Қасым Ерсейітулы.

"КҮМІС ТОСТАҒАНДАҒЫ ЖАЗУ"

2010-жылы Алматыдағы "Сөздік- словарь" баспасынан жарық көрген "Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы" атты кітаптан алынды.

"АНАРЫСТЫҢ АФОРИЗМДЕРІ"

2008-жылы Алматыдағы "Алматыкітап" баспасынан жарық көрген "Қазақ афоризмдері" атты кітапта жарияланған. Кітапты құрастырған: Е. Шаймерденұлы. Осы кітаптағы мәтін енгізілді.

"АФИНАЛЫҚТАРҒА ХАТЫНАН"

2007-жылы Алматыдағы "Сөздік-Словарь" баспасынан жарық көрген (Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты) "Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы" (3-том, көне жазба мұралар тағылымы, (б.з.б 1-мыңжылдық-ХУ ғасырдың соңы) деп аталағын кітаптан енгізілді. Кітапты құрастырғандар: Қалиев С., Аюбай К.Қ.-Алматы, 2007.

"МЕДОККЕ ХАТЫНАН"

2007-жылы Алматыдағы "Сөздік-Словарь" баспасынан жарық көрген (Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты) "Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы" (3-том, көне жазба мұралар тағылымы, (б.з.б 1-мыңжылдық-ХУ ғасырдың соңы) деп аталатын кітаптан енгізілді. Кітапты құрастырғандар: Қалиев С., Аюбай К.Қ.-Алматы, 2007.

"ПАТША БАЛАСЫНА ХАТЫНАН"

2007-жылы Алматыдағы "Сөздік-Словарь" баспасынан жарық көрген (Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты) "Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы" (3-том, көне жазба мұралар тағылымы, (б.з.б 1-мыңжылдық-ХУ ғасырдың соңы) деп аталатын кітаптан енгізілді. Кітапты құрастырғандар: Қалиев С., Аюбай К.Қ.-Алматы, 2007.

"ТОҚСАРЫНЫҢ АФОРИЗМДЕРІ"

2008-жылы Алматыдағы "Алматыкітап" баспасынан жарық көрген "Қазақ афоризмдері" атты кітапта жарияланған. Кітапты құрастырған: Е. Шаймерденұлы. Кітаптағы мәтін енгізілді.

МАЗМҰНЫ:

КІРІСПЕ.....	4
Ежелгі хассақтар (қазақтар).....	6
Сақ дәуіріндегі қазақ әдебиеті.....	27
БІРІНШІ ТАРАУ. САҚ ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ.....	36
Алтын.....	37
Бірлік бар жерде береке бар.....	38
Анар мен Мұнар.....	39
Шырақ батырдың түсі.....	40
Заринаның қырық қызы.....	41
Сақ қызы Күнсұлудың хикаясы.....	41
Қобыз үні.....	42
Бүркіт болып ұшатын қобыз.....	42
Күн батыр мен Ай сұлу.....	43
ЕКІНШІ ТАРАУ. САҚ ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚТЫҢ ЖАЗБА ӘДЕБИЕТІ.....	45
Күміс тостағандағы жазу.....	46
Анарыстың афоризмдері.....	46
АНАРЫСТЫҢ ХАТТАРЫНАН.....	47
"Афиналықтарға хатынан".....	47
"Медокке хатынан".....	48
"Патша баласына хатынан".....	48
Тоқсарының афоризмдері.....	48
ТҮСІНІКТЕР.....	50

Шартты б.т. 3,25
Қағазы офсеттік
Офсеттік басылым. Таралымы 500 дана
Тапсырыс №58

ТИГУ баспаханасы,
080000, Тараз қ., Жамбыл даңғылы, 123Л